Сыр бойы

№156-157
(19638-19639)
20 ҚАЗАН,
СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

BÚGINGI SANDA

SHETELDIK JUMYS KÚSHI: EŃBEK ZAŃNAMASY QALAI JÚZEGE ASÝDA? 2»

«AILYǴYŃ 1 MILLION 200 MYŃ TEŃGE BOLADY» DEDI 3»

SYRDAǴY ULTTYQ ÓNER SALTANATY 6»

Prezıdent

КЕЛІСІМ ДИАЛОГЫ – КӨП ТҮЙТКІЛДІҢ ШЕШІМІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Брюссельде өткен «Азия-Еуропа» форумының XII саммитіне қатысты.

Мемлекет басшысы саммиттің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде қақтығыстардың көбеюі, санкция және сауда соғыстарының өршуі жағдайында халықаралық саясат шиеленістің шегіне жетіп отырғанын атап өтті.

– Біз бүгінгі «Азия-Еуропа» форумының саммитін осы проблемаларды шешу үшін пайдалануымыз қажет. Өкінішке қарай, қазіргі кезде әлем табысты диалог пен өзара түсініскікке қол жеткізе алмай келеді. Бәріміз өткен ғасырдың 60-жылдарындағы Кариб дағдарысын еске салатын бүгінгі экономикалық және саяси текетірестерге куә болып отырмыз, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бұл саммит АҚШ, Ресей, Қытай сияқты әлемнің ірі елдерін, Еуропа Одағын халықаралық шиеленістерді шешудің жолын іздеуге шақыруы қажет екенін айтты.

– Егер Сириядағы, Украинадағы және өзге де елдердегі проблемаларды реттемесек, ахуал одан да күрделене түседі. Баллистикалық ракеталардың таралу қаупі сейілмейінше, халықаралық терроризм басты мәселе болып қала бермек, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті әлемдік экономикадағы жағдайдың күрделене түсуіне байланысты кейбір кедей мемлекеттердің ахуалы одан әрі қиындайтынын айтып, адамзат үшін оның елеулі қауіп-қатер саналатынын атап өтті.

– Екінші Дүниежүзілік соғыс пен басқа да қақтығыстардан кейін мемлекеттер көшбасшылары тығыз ынтымақтасып, терроризммен күрес жүргізу ісінде ортақ шешімдер таба білді. Сондықтан, мен барлық елдерді диалогқа шақырып, келіссөздер жүргізу үшін Астана алаңын пайдалануды ұсынамын, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның Азия мен Еуропадағы жаһандық сын-тегеуріндерге қарсы тұруға бағытталған серіктестікке белсенді атсалысуға дайын екенін тағы да атап өтті.

Саммит барысында Нұрсұлтан Назарбаев Жапония Премьер-Министрі Синдзо Абэмен және Корея Республикасының Президенті Мун Чжэ Инмен кездесті.

Тараптар халықаралық күн тәртібіндегі мейлінше өзекті проблемаларды, соның ішінде Корей түбегіндегі жағдайды реттеу мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Еуропалық комиссия төрағасы Жан-Клод Юнкермен кездесті.

Қазақстан Президенті кездесу барысында саммиттің дәстүрге сай жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, Еуропалық комиссия төрағасын биылғы желтоқсанда Санкт-Петербургте өтетін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына қатысуға шақырды.

Жан-Клод Юнкер «Азия-Еуропа» форумының XII саммитіне Қазақстан делегациясының және Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке өзінің қатысуының маңыздылығын жеткізді.

– 2008 жылғы Қазақстанға жасаған сапарым және әлемдегі тұрақтылық туралы әңгімеміз менің есімде. Біздің жиі кездесіп тұрғанымыз жөн, – деді Еуропалық комиссия төрағасы.

Тараптар халықаралық саясаттың күн тәртібін, соның ішінде жаһандық қауіпсіздік проблемаларын қарастырып, Еуразия экономикалық одағының Еуропа Кеңесімен ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті саммит барысында Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Ли Кэцянмен, Ресей Федерациясының және Италия Республикасының премьер-министрлері Дмитрий Медведевпен және Джузеппе Контемен кездесті.

Jańa kitap

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ 100 ҚАЙРАТКЕРІ

Жуырда Алматы қаласынан осы аттас анықтамалық-энциклопедия жарық көрді. Оған тәуелсіздік алған күннен бүгінге дейінгі егемен Қазақстанның қалыптасуына үлес қосқан қайраткер тұлғалардың ғұмырнамалық келбеті топтастырылыпты. Энциклопедияда елім деген азаматтардың қоғамды алға қозғап, ғасырға бергісіз 25 жылда мемлекетіміздің ныңаюы жолында жасаған еңбектері нақты деректермен көрсетілген.

Энциклопедияда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев, Бақытжан Сағынтаев, Гүлшара Әбдіқалықова, Қасым-Жомарт Тоқаев, Сағадат Нұрмағамбетов, басқа да қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарында біздің жерлестеріміз – облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Еңбек ері Абзал Ералиев, Жеңіс Қашақбайұлы Пірімов, Самұрат Имандосов, Махмұт Нәлібаев, Асқар Жұмаділдаев, Нұртөре Жүсіптің есімдерінің аталуы Сыр өңірі үшін мақтаныш.

Энциклопедияның алғысөзін ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы жазған. Ол өз заманының қаһармандарын танып, келешек ұрпақ сол кейіпкерлерге еліктеп өссе, патриоттық тәрбиеден ұтылмайтынымызды, Елбасы Н.Ә.Назарбаев жастардың үлгі алуына, заманауи Қазақстанның келбетін танытуға мүмкіндік беретін «100 жаңа есім» жобасын осы мақсатта ұсынғанын атап көрсетеді.

Энциклопедия көркем безендірілген. Авторлар оның бірінші серия екенін, келесі сериясы алдағы уақытта жарық көретінін жеткізеді.

Ж.ӘЛМАХАН.

Nysan

Жаңа оқу орталығы ашылды

Бейсенбі күні Қызылордадағы «Жан-Арай» ЖШС-да жаңа оқу орталығы пайдалануға берілді. Қызмет көрсету нысанының ашылу рәсіміне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Мұнда банкет залы, 10 нөмірлі қонақүй, 50 орынды хостел, сондай-ақ лаунж-бар, конференц және көрме залдары, оқу орталығы орналасқан. Кешеннің арт-директоры Еркебұлан Жәкетайдың айтуынша, құрылыс жұмысы 2012 жылы басталып, еуропалық стандартқа сәйкес жүргізілді.

Жаңа нысанда 50 адам жұмыспен қамтылған. Кешендегі оқу орталығында негізінен аграрлық сала мамандары білімін жетілдіреді. Ал қалаға жұмыс барысымен келушілер, турист, студент, спортшылар хостел қызметін пайдаланып, ақшасын үнемдей алады.

Нысанның ашылу рәсімінде аймақ басшысы ауқымды жұмыстың ұйымдастырушысы болып, кәсіпкерліктің дамуына үлес қосып жүрген «Жан-Арай» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Бақдәулет Мақашовқа ризашылық білдірді. Оқу орталығы, қонақүй және мейрамхана кәсіпкердің жеке қаржысы есебінен салынған болатын.

– Ауқымды агроиндустриялық орталықта осындай кешеннің ашылуы – өңір экономикасына инвестиция салудың және тұрақты жұмыс орындарын құрудың тағы бір жарқын көрінісі. Мұнда мамандардың тәжірибе алмасуы үшін мүмкіндіктер қарастырылған. Осы жерде елге пайдалы бизнес-жобалар дүниеге келеді деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Серіктестік директорының сөзіне қарағанда, жақында ғана мұнда ауыл әкімдеріне арналған біліктілікті арттыру курстары өткен. Ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін кәсіпорында көрнекі тәжірибелік оқулар өткізуге жағдай жасалған.

Кәсіпорын негізінен мал шаруашылығына арналған жем өнімдерін шығарумен айналысады. Ал 2016 жылы кәсіпорында қаз өсіру фермасы ашылды. Қазіргі уақытта агрокешенде 250-ге жуық адам еңбек етеді. Зауыт тәулігіне 150 тоннаға жуық күріш, 170 тонна ұн, 80 тонна жем өнімін өндіреді.

Kásibı mereke

Сала мамандарына марапат

Биыл алғаш рет ҚР Үкіметінің қаулысымен қазан айының үшінші жексенбісі орман шаруашылығы қызметкерлерінің төл мерекесі болып белгіленді. Кеше атаулы күнге орай мерекелік шара ұйымдастырылып, жиынға облыс әкімінің міндетін атқарушы Қуанышбек Ысқақов қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Мереке иелеріне облыс әкімінің құттықтауын жеткізген Қуанышбек Досмайылұлы ел тәуелсіздігін алғаннан кейін экологиялық жағдайды жақсарту, адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай қалыптастыру басты міндетке айналғанын атап өтті.

Қазақстанның шөлді аймағында орналасқан біздің аймақ үшін орман шаруашылығының қызметі аса маңызды. Бүгінде облыс аумағының 30 процентті мемлекеттік орман қоры құрайды. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына қарасты орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі 8 мемлекеттік мекеме бар, бұл салада 545 қызметкер еңбек етеді.

– Соңғы 5 жылда орман алқабының 50 мың гектарына сексеуіл және жеміс ағаштары егілді. Ал 25 жыл ішінде Арал теңізі ұлтанының қазақстандық бөлігіне 163 мың гектар аумаққа сексеуіл отырғызылып, бұл шөлейттенуге қарсы дүниежүзілік бастаманың жүйелі жүзеге асуына септігін тигізді. Сондай-ақ, биылдан бастап Оңүстік Кореяның орман шаруашылығы қызметімен бірлесіп, Арал теңізінің құрғаған ұлтанында фитоорман мелиоративті жұмыстары жүргізілуде, – деді Қуанышбек Ысқақов.

Жиында сала мамандарына облыс әкімінің Алғыс хаты, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің марапаттары, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының Алғыс хаты табысталды.

ЕЛДІКТІ НЫҒАЙТҚАН ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ

Биылғы «Алтын дән» мерекесінің жалағаштықтар үшін маңызы ерекше болды. Астықты жиып, қамбаға құйып, арқаны кеңге салған осынау мерейлі шақта аудан халқы туған жердің тұғырлы перзенттері, мемлекет және қоғам қайраткерлері Темірбек Жүргеновтің – 120, Ілияс Қабыловтың – 115, Социалистік Еңбек ері Ұзақ Еспановтың 90 жылдық мерейтойын атап өтті. Халқымыздың саяси-мәдени өмірінде салмақты орны бар аға буынның ерлігі мен еңбегін ұлықтауға арналған тарихи-танымдық шара өркені өскен елдің өмірлік құндылықтарын айқындай түскендей.

Ғазиза ӘБІЛДА.

2-бет

АНТ МҮШЕЛЕРІ АУДАНДА

ҚР Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушісі Ғалым Шойкин Сыр еліндегі сапарында дін саласындағы облыстық ақпараттық түсіндіру тобының мүшелерімен кездесті.

«Біздің мемлекетіміздің көздеген мақсаттарының бірі – кең құқық шеңбері мен бостандықтың үйлесімдігі. Соған сәйкес денсаулық сақтау, медициналық көмекке жүгіну, білім алу сияқты жалпыадамзаттық құқықтар мен бостандықтар наным-сенім мен ар-ождан бостандығымен шиеленіске келуге тиісті емес», – деді Ғалым Нұрмағамбетұлы.

Кездесу барысында АТТ мүшелері тарапынан біршама сауалдар да қойылды. Жаңа оқу жылы басында кей аймақтардың мектептерінде орын алған «хиджап» мәселесіне байланысты: «Қазақстанда мемлекеттік білім беру және тәрбие жүйесі де қатаң зайырлы сипатқа ие екенін және оның діни білім беру жүйесінен ажыратылғандығын баса айта кеткен жөн. Бұл жағдайда зайырлылық мектептерде, колледждер мен жоғары оқу орындарында жастардың бойында белгілі бір нақты дінге көзқарасын қалыптастыруға тыйым салынатынын білдіреді. Діни көзқарас қалыптастыру құқығы заң талабына сәйкес, діни оқу орындарын аша алатын республикалық немесе аймақтық мәртебеге ие діни бірлестіктерге ғана берілген» деп жауап берді сектор меңгерушісі.

***

Елбасы Жолдауына сәйкес Үкімет жанынан құрылған республикалық ақпараттық топ мүшелерінің сапары ауданда жалғасты. ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Инвестиция комитеті төрағасының орынбасары Диана Сәрсенова Қармақшыда болып, аудан әкімдігінде зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

Диана Бақытжанқызы Жолдауда айқындалған басымдықтарға, оның ішінде білім мен денсаулық, кәсіпкерлік, құрылыс салалары бойынша алдағы жылы жүзеге асырылуы тиіс тапсырмалар мен міндеттерге тоқталды. Сондай-ақ, ел келешегі – жастарды қолдау мақсатында арналған іс-шаралар жоспарына арналған басымдықтар мен аймақты дамыту мақсатында атқарылған ілкімді істер жайын баяндады.

Кездесуде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қаршыға Есдәулетов, «Ұлт бірлігі – Қармақшы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Шегебай Құндақбаев, Үсен Томанов атындағы №183 орта мектептің директоры Алтынша Кенжеева Жолдаудағы ерекшеліктерді ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Әділ Қошалақов түйіндеп, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел болашағы үшін жасап жатқан игі істеріне қармақшылықтар қашанда қолдау көрсететінін жеткізді.

«СБ» ақпарат.

Mámile

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ КОАЛИЦИЯ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ҚОЛДАЙДЫ

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Қазақстан-2050» Демократиялық күштердің» облыстық коалициясының мүшелері Жолдау жүктеген міндеттерді жан-жақты талқылап, Сыр халқына Үндеу жариялады.

Шынар БЕКБАН.

Отырысқа коалиция мүшелігіндегі барлық партия жетекшілері мен белсенділері, ҮЕҰ өкілдері, аймақтағы ЖОО-ның оқытушы профессорлары, белсенді жастар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жиында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев саяси құжаттың ауқымдылығы мен маңызын жан-жақты баяндап, ондағы көрсетілген міндеттердің ел экономикасын ілгерілетуді көздейтінін атап өтті.

– Елбасы Жолдауындағы реформалар – халқымыздың тұрмыс сапасын жақсартып, әлемдік стандарттарға жеткізуге сол арқылы қоғам мен мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталып отырған тиімді мүмкіндік. Сондықтан мұны іске асыруға ел болып жұмылуымыз қажет, – деді И.Құттықожаев.

Коалиция басқосуында Жолдауды жүзеге асыруға бағытталған өңірдегі жұмыстар да пысықталып, тиісті мекеме басшыларының хабарламалары тыңдалды. Мәселен, ақпараттық насихат жұмыстары барысын облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Талғат Маханов айтып өтті. Басқарма басшысының мәлімдеуінше, облыста Жолдауды насихаттау бағытында арнайы медиа-жоспар әзірленген. Сондай-ақ, түрлі сала мамандарынан 44 ақпараттық топ құрылған. Олардың құрамында 259 азамат бар. Арнайы спикерлер тобы жасақталып, олардың пікірлері БАҚ-тар мен әлеуметтік желілерде жариялануда.

Осыдан кейін аймақтық коалиция мүшелерінің Үндеуі таныстырылды. Онда әрбір азамат елдегі ауқымды өзгерістерге өздерінің қатысын сезінуі тиіс екендігі айтылған. «Елбасы Жолдауын іске асыру халықтың өмір сүру деңгейі мен еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға нағыз серпіліс әкеледі. Біз, Демократиялық күштердің «Қазақстан-2050» аймақтық коалициясы, аймақтағы ірі диалог алаңының бірінің мүшелері ретінде барлығыңызды Елбасы Жолдауын қолдауға және оны іске асыруға белсенді қатысуға шақырамыз» делінген.

Жиын соңында коалиция мүшелігіндегі партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің пікірлері тыңдалды.

ЕЛДІКТІ НЫҒАЙТҚАН ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ

Мерекелік шаралар аудандағы мәдениет және өнерді дамыту орталығында ұйымдастырылған 9-10 сынып оқушылары арасындағы «Жүргенов оқулары» облыстық байқауынан бастау алды. Әдеби шараны аудан әкімінің орынбасары Жағыпар Тажмаханов және Т.Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы Сәби Аңсат ашып, көркемсөз байқауына қатысушыларға қайраткердің ел тарихындағы ерекше орны жайлы естеліктер айтты. Байқауда оқушылар Т.Жүргеновтің халқымыздың мәдениеті мен өнерін өркендетуге сіңірген өлшеусіз еңбегін, оның ішінде қазақ тілінің мәртебесін көтерудегі көрнекті ой толғаныстарын көркем тілмен көрермен көңіліне жеткізді.

Қ.Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде драматург Рахымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» спектаклі қойылды. Қойылымға аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға Темірбек Жүргеновтің еліміздің оқу-ағарту, мәдениет, өнер саласының өркендеуіне, жалпы қазақ руханиятының қалыптасуына қажырлы еңбегі өзек болған. Мемлекеттік деңгейдегі маңызды шешімдердің қабылдануына ерекше ұлтжандылықпен үлесін қосқан қайраткердің тартысты да тауқыметті тағдыры көрермен көңіліне алай-түлей әсер етті.

Жалағаш кентінің Дәуімбай елді мекенінен бой көтерген Ілияс Қабыловтың кеуде мүсінінің ашылу салтанатында облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев сөз сөйлеп, тұғырына қонған туған жер перзентінің елдің саяси өміріндегі салмақты орнын айрықша атап өтті. Ал Ілияс Қабыловтың 115 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру және Ілияс Қабыловтың мұрасы» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияны облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Н.Байқадамов жүргізді.

Онда филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібозұлы, философия ғылымдарының докторы, профессор Б.Қожамберлиев, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, фольклоршы-ғалым Т.Дайрабай, халықаралық Ақпараттандыру Академиясының академигі Қ.Достанов, тарих ғылымдарының кандидаты У.Ибраев және Халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінің облыстағы меншікті тілшісі, «Ақпарат саласының үздігі» Б.Бүркітбаев баяндама жасады.

Белгілі этнограф-ғалым Тынышбек Дайрабайдың баяндамасында айтылғандай, Ілияс Қабылов республика өмірінде гі халық ағарту, идеология, әдебиет, мәдениет, тіл және баспасөз салаларында айтарлықтай еңбек етіп, маңызды тұжырымдарын өзі басқарған «Қазақстан Большевигі» және басқа да газеттерде жариялап отырған. Айталық, оның 1925-1930 жылдары жарияланған мақалалары «Мағжанның өлеңі», «Орта мектептерде қай тілде сабақ жүргізу керек?», «Қазақ ақыны Абайдың философиясы және оның сыны», «Мәдениет кадрлары туралы бірер сөз» деп аталады. Конференцияда қайраткердің ел тарихындағы еңбегі жайлы тың ақпараттар, толғанысты пікірлер ортаға салынды.

Енді бір сәт аудан жұртшылығы Жалағаш кентіндегі «Тағзым» аллеясының, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің, Ілияс Қабыловтың, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспановтың кеуде мүсіндерінің, сондай-ақ, Қарақұм көтерілісіне, Ауған соғысына, Семей, Чернобыль апаты зардаптарын жоюға қатысушыларға арналған ескерткіштердің ашылу салтанатына куә болды. Еңселі ескерткіштер ертеңгі ұрпаққа жол сілтеп тұрғандай ерекше айбынды.

Табиғат тосын мінез танытып, күн қабағы ашылмай тұрса да, тойға жиылған халықтың көңіл-күйі ерекше. Орталық стадионда тоғыз үй қатар тігіліп, тамаша сән-салтанат көрініс тапқан.

«Алтын дән» мерекесінде облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов аудан жұртшылығына аймақ басшысының құттықтауын жеткізді. Бұдан соң ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттарына аудан әкімінің марапаттаулары мен сый-сияпаттары табысталды. Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары ұйымдастырған концерттік бағдарлама мерекелік шараның мазмұнын байыта түскендей. Сондай-ақ, қазақ күресінен түйе палуандар арасындағы алғашқы сайыс та тартысты өтті. Өңірден 12 спортшы қатысқан бозкілемдегі бәсекеде қармақшылық Еламан Ерғалиев I орынды иеленіп, 2 млн теңгені қанжығасына байлады. Ал, аралдық Нұрым Сәлімгереев жүлделі II орынды (500 мың теңге) жеңіп алса, Қызылорда қаласынан келген Мақсат Исағабылов III орынды (300 мың теңге) иеленді. Ал мерейтой иелерінің мерейін тасытқан республикалық ақындар айтысында тұғыры мықты, тұлғасы биік туған жер перзенттерінің даңқы дәріптеліп, абыройы аспандады. Айтыста бас жүлдені Нұрмат Мансұров (1 млн теңге), бірінші орынды Рүстем Қайыртайұлы (500 мың теңге), екінші орынды Айбек Қалиев (400 мың теңге), үшінші орынды Мұхтар Ниязов (300 мың теңге) иеленді.

Осы күні аудан тұрғындары Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен концертті, отшашуды тамашалады.

1-бет.

Jastar sleti

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы «Жастар – рухани жаңғыру жолында» слетін өткізді. Оған түрлі этнос өкілдері, орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттері, «Жас Отан» Жастар қанатының мүшелері, облыстық жастар ресурстық орталығының, жастар ұйымдарының мүшелері қатысты.

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Слетте облыстық ҚХА «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы төрағасының орынбасары Евгений Демиденко биыл екінші рет ұйымдастырылып отырған слеттің ашылуымен құттықтады.

– Қазіргі таңда облыстық «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының құрамында 50-ден астам жас мүшелік етеді. Сонымен қатар штаб жанынан жұмыс тобы құрылды. Жұмысшы топ құрамына белсенді 10 жас сайланды. Бүгінде «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысын аудандардағы жастармен толықтыру жұмыстары жүргізілуде. Өңірлік «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының жұмысын жетілдіру мақсатында «Достық үйінен» арнайы кабинет ашылды. Елбасының кезекті Жолдауы барлығымызға ерекше серпін берді. Барлық жастар үшін қуанышты жаңалық, келесі жылдың «Жастар жылы» деп аталуы болды. Бұл – жастар үшін мүмкіндік жылы, жаңашылдық пен серпіліс жылы, – деді ол.

Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ләйлә Төрешова «Жұмыспен қамту-2020» Жол картасы», «Жастардың кадрлық резерві», «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел», «Білім мен ғылымды дамыту», «Үш тілде білім беруді дамытудың бағдарламасы», «Серпін», «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға» жобалары жарқын болашаққа жетелейтінін айтты.

– Бұл – Қазақстанда орнаған бейбітшілік пен бірліктің арқасында атқарылған жұмыстар. Қазіргі таңда қазақ жерінде қалыптасқан достық пен келісім арқасында 135 этнос пен 18 конфессия бейбіт өмір сүріп жатыр. Саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді іске асыруда Қазақстан халқы ассамблеясы жетекші роль атқарады. Ассамблеяның беделі мен мәртебесі өсіп, Қазақстанды бейбітшілік пен татулық орныққан ел ретінде бүкіл әлемге танымал етті, – деді Л.Төрешова.

Слет аясында семинар-тренинг ұйымдастырылды. Үш секцияға бөлінген жастар «Grand master» бағдарламалау мектебінің директоры Арман Қуанышбаевтың «Жаңа технология: IT және Smart City», «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бөлім басшысы Ардақ Аукеновтың «Көшбасшылыққа қажетті өмірлік ұстанымдар» және «Жас Отан» ЖҚ облыс бойынша филиалының төрағасы Талғат Тілестің «Жастар рухани жаңғыру жолында» тақырыбындағы тренинг жұмыстарына қатысты.

Жиын соңында достықты, бірлікті нығайтуға бағытталған қоғамдық жұмыстарға, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткізілген мәдени шараларда айрықша белсенділік танытқан жастар Алғыс хатпен марапатталды.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы».

Шетелдік жұмыс күші:
ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА?

Еліміздің еңбек нарығына шетелден жұмыс күшін тарту арнайы заңнамалармен реттелген. Жұмыс берушіге шетел жұмыс күшін тартуға рұқсат берілгенде өзімізде де жұмыс іздеп жүрген мамандардың бар екені ескеріледі. Егер шетел азаматы атқаратын қызметке жергілікті жұмыс күшін тартуға мүмкіндік болмаса, маман жоқ болған жағдайда, шетелдіктің біліктілігі жоғары болса, шетелдікті кейін ауыстыру үшін жергілікті мамандарды оқытса, шетелдік өтеусіз (қайырымды) қызмет жасаған жағдайда рұқсат беріледі.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Еліміздегі бос қызметтерге жұмысқа орналасу кезінде біліктілігі мен мамандығы бірдей болса, жергілікті маманның шетел азаматынан басымдық құқығы бар. Жұмыс берушілер жергілікті жұмыс күшін бос жұмыс орындарына қабылдау үшін шаралар қолдануға міндетті. Компаниялар шетел жұмыс күшін тартуға рұқсат алғанға дейін бос орындар мен қажет мамандар туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа ақпарат, уәкілетті органға бос орындар туралы өтінім беруге, жұмыссыз азаматтар үшін қосымша жұмыс орындарын құруға міндетті. Ішкі еңбек нарығын қорғау, шетел жұмысшылары мен мамандарын тарту үшін шектеулер белгіленген. Рұқсат алу уақытында шетел азаматының жасы 23-ті толтырған және біздің елдегі белгіленген зейнет жасынан аспауы керек. Шетел жұмыс күшін тарту белгілеген квота шегінде рұқсат етіледі.

Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Ертілеу Жалғасбаев ұсынған мәліметтерге қарағанда, облыс аумағында 23 бірлескен кәсіпорын бар. Оларда 6281 қазақстандық, 925 шетел азаматы жұмыс атқарады.

Шетелдік жұмыс күші тартылған субъектілерде еңбек заңнамасы сақталуын тексеру кезінде арнайы шарттарды орындау, бірдей қызметтегі жергілікті және шетелдік жұмысшылардың жалақы көлеміндегі айырмашылық, шетелдік қызметкерлерді рұқсат етілген мамандықтар бойынша тарту және жалақыларының мөлшері мен төлемі, жұмыскерлерге қалыпты жұмыс жағдайын жасау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары өткен 9 айда шетел жұмыс күші тартылған 7 кәсіпорынға жоспардан тыс тексеру жүргізіп, қорытындысымен 30 заң бұзушылықты анықтады. Оларды жою және болдырмау жөнінде 13 нұсқама беріп, 865800 теңге мөлшерінде 6 әкімшілік айыппұл салып, толық өндірді.

Облыстық прокуратурамен бірлескен жоспардан тыс тексеру «ПетроҚазақстан Құмкөл-Ресорсиз» АҚ, «СНПС-Ай Дан Мұнай» АҚ, «Гежуба-Шиелі цемент компаниясы» ЖШС, «Чайна Триумф Интернэшнл Инжиниринг» ЖШС, «ИБК «Сибу-Қызылорда» серіктестіктерін қамтыды. Оның ішінде, «Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы» ЖШС-да 7 заң бұзушылық фактісі анықталған. Еліміздің Еңбек кодексінің кейбір талаптары бұзылған. Жұмыс берушінің актілерінде, еңбек шартында көзделген жалақы уақытылы және толық мөлшерде төленбегені, еңбек шарты тоқтатылған кезде еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы есептелмейтіні және жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының кестесі бекітілмегені анықталды.

Еңбек кодексі, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығы бойынша бекітілген қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру қағидаларының талаптары да сақталмай отыр. Серіктестікке жұмысқа қабылданған жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нұсқамалардан өткізілмеген. Тексеру нәтижесімен еңбек заңнамасы бұзылуын жою және болдырмау туралы нұсқама беріліп, аталған заңды тұлғаға қатысты әкімшілік шара көрілді.

Ал «Чайна Триумф Интернэшнл Инжиниринг» ЖШС филиалы Қазақстан Республикасының 8 азаматына «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңына сай экологиялық дағдарыс аймағы бойынша төленетін 1,3 коэффициентті бермеген. Еңбекке ақы төлеу кезінде Шиелі ауданының экологиялық дағдарыс аймағы екені есепке алынбаған. Бұл – Еңбек кодексінің екі бабының талаптарының бұзылғанын білдіреді.

Оған қоса еңбек шарттарының мазмұны еңбек заңнамасының нормасына сәйкес келмеу фактілері, жұмыс беруші тарапынан жұмыскерлердің нақты жұмыс істеген жұмыс уақытын есепке алу құжаты (табель) жүргізілмегені және жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын берудің кестесі әзірленбегені анықталған. Филиалдағы қызметкерлер жұмысшы кәсіптері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан және білімдерін тексеруден өткізілмеген.

Өткен 9 айда шетел жұмыс күші тартылған екі кәсіпорында 2 жазатайым оқиға тіркеліп, одан 3 жұмыскер ауыр дәрежелі жарақат алған. Бұл оқиғалар бойынша арнайы тергеп-тексеру жүргізіліп, материалдары ішкі істер органдарына жолданған.

Egin-2018

ҚАЗАЛЫДА ҚАУЫРТ ҚИМЫЛ

Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Өміртай Өтеп-Әлінің айтуынша, биыл ауданда барлығы 17 790 гектарға егіс егу межеленіп, өткен жылдан 435 гектарға ұлғайту жоспарланған. Оның 6800 гектары күріш, қалғаны дәнді, мал азықтық дақылдар, картоп, көкөніс, бақша көлемін құрайды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Айта кетерлігі, дақылдарды орналастыруда әртараптандыру бағытына ерекше мән берілген. Нәтижесі бөтен емес. Өткен жылмен салыстырғанда мақсары, жаздық бидай, тары ауқымы өсіп, арпа 103 гектар жерге себілілті. Оған қоса ауданда алғаш рет «Рза-Агро» ЖШС аса құнарлы мал азықтық дақылдар өсіруді қолға алыпты. Егінді күтіп-баптауға баса мән беріліп, қажетті мөлшерде минералды тыңайтқыш сатып алынып, күріш арамшөптеріне қарсы қолданатын гербицидпен толық қамтамасыз етілген. Сондай-ақ дақылдардың өсу дәуірі барысында оңтайлы мерзім ішінде тиісті агротехникалық шараларға сай күтіп-баптау жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілгенге ұқсайды.

Шаруашылықтар жаздық бидайдан 10,5 центнерден өнім алса, арпа мен мақсарыдан да тәуір өнім түскен. Сонымен қатар, бүгінге дейін 61мың тонна табиғи шөп дайындалған.

Дерекке сүйенсек, күріш түгелдей орылып, 6000 гектардан астамы бастырылды. Орта өнім гектарына 39,1 центнерден айналуда. Егін орағына жаңа үлгідегі қуатты техникалар қатысып, қазір диқандар шешуші науқанды ойдағыдай атқаруға жұмыла кіріскен.

Қазалы ауданы.

Kásibı mereke

ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Кеше А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Құтқарушылар күніне арналған салтанатты шара өтті. Мамандық иелерін облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов құттықтады.

– Қиын сәтте тәуекелге бас тігіп, адам өмірін арашалап қалатын сіздер әрдайым да құрметке лайықтысыздар. Құтқарушы еңбегі адамдардың алғаусыз алғысы арқылы бағаланады, – деді Руслан Рүстемұлы.

Облыс әкімінің орынбасары сала қызметкерлеріне аймақ басшысының Алғыс хатын табыс етті.

Салтанатты жиында облыс бойынша ТЖД бастығы, азаматтық қорғаныс полковнигі Омар Бержанов, Ресей ТЖМ өкілі, ішкі қызмет полковнигі Андрей Заровскийлер мереке иелеріне лебіздерін арнады.

Бірқатар құтқарушылар мен сала ардагерлері төсбелгі, алғыс хаттармен марапатталған шараны мерекелік концерт түйіндеді.

Атаулы күнге орай мәдениет үйінің алдында арнайы техникалар көрмесі ұйымдастырылды.

Brıfıng

АЙМАҚ ЖАҢА КӘСІПКЕРЛІК НЫСАНДАРЫНЫҢ АШЫЛУЫ БОЙЫНША КӨШ БАСЫНДА

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылықов Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттер мен 9 айдың қорытындысына арналған брифинг өткізді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Аймақтағы бизнесті қолдаудың ауқымды шараларына тоқталған палата директоры шағын және орта кәсіпкерліктің дамуын бағалаудың үш негізгі көрсеткішін атады.

Бірінші көрсеткіш – жұмыс жасап тұрған субъектілер саны. Қазір облыста 41393 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасайды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 11,1%-ке артып отыр. Республикалық өсімнен 2,4 есе жоғары. Осылайша, біздің өңір – жыл басынан бері жаңа кәсіпкерлік субъектілерін құру бойынша республикада көшбасшы.

Екінші көрсеткіш – жұмыспен қамтылғандар саны. Соңғы статистикалық көрсеткіштерге қарағанда, бірінші жартыжылдықта шағын және орта кәсіпкерлік саласында 86842 адам жұмыс істейді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 8,5%-ке немесе 1232 адамға артып отыр. Республикалық өсімнен 1,8 есе жоғары, еліміз бойынша 4-орын. Жыл соңына дейін кемінде 90 мың адамға жеткізу жоспарлануда.

Үшінші көрсеткіш – өнім шығарылымы. Облыстағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 143257 млн теңгенің өнімін өндірген. Өткен жылмен салыстырғанда 11,8%-ке немесе 15 млрд теңгеге артық.

Ғ.Жақсылықов «Бизнестің жол картасы – 2020», «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламаларының, «Бастау» жобасы, «Бизнес-кеңесші» оқу курсының нәтижелері туралы баяндады. Жаппай кәсіпкерлікті, оның ішінде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту үшін шешімін тапқан жер учаскелері мәселелерін, кәсіпкерлердің құқығын қорғаудағы, әкімшілік кедергілерді азайтудағы оң өзгерістерді атап өтті.

Брифингке «Далатекс» ЖШС басшысы Д.Абизов, кәсіпкерлер палатасы Қазалы аудандық филиалының директоры Е.Аймаханов қатысып, ой-пікірлерін ортаға салды.

ДАУЫС БЕРУ ЖАЛҒАСУДА

Жуырда Астанада «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауы өтті. Байқауға өңірлік кезеңдердің жеңімпаздары қатысты. Биылғы ерекшелік – жергілікті тауар өндірушілерді қолдау мақсатында тұңғыш рет онлайн дауыс беру тәжірибесі енгізіліп отыр. Көрмеде сараптау комиссиясы қатысушылардың ішінен финалистерді анықтады. Қазақстандықтар 15-25 қазан аралығында отандық үздік өндірушіге дауыс береді. Финалистердің арасында Қызылордадан ерлер жейдесін өндіретін «Далатекс» және тұз өндіретін «Аралтұз» ЖШС-тері бар.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде «Далатекс» ЖШС басшысы Д.Абизов кәсіпкерлердің өз өнімдерін ілгерілетуге және өткізуге қызығушылығын арттырған көрме туралы айтты. Көрмеге қатысушылар жаңа іскерлік байланыстар орнатуға, өнімінің экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік алды.

Келушілер «Далатекс» жейделерін сатып алып, отандық тауар көпшілікке кеңінен таныстырылды. Елбасы жаңа Жолдауында кәсіпорындарға халық тұтынатын тауарлардың кең ауқымын, «қарапайым заттар экономикасын» игеруді тапсырғаны белгілі. Сондықтан ішкі нарықты өз тауарларымызбен толтыруға талпыныс жасап жүрген жергілікті компанияларға онлайн дауыс беру арқылы қолдау көрсетейік.

«СБ» ақпарат.

Алмат ҚУАНЫШБАЕВ, «GRAND master» бағдарламалау мектебінің директоры:

«АЙЛЫҒЫҢ 1 МИЛЛИОН 200 МЫҢ ТЕҢГЕ БОЛАДЫ» ДЕДІ

– Әлемде кибершабуыл болып, барлық ақпарат жойылып кетті. Сіз туралы мүлде ештеңе білмейтін оқырманға өзіңізді қалай таныстырар едіңіз?

– Мен 1988 жылы Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде дүниеге келдім. 1995 жылы №183 орта мектебіне бардым. 2005 жылы бітірдім. Содан Қызылордада Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің жанындағы колледжге оқуға түстім. Мен IT саласының маманы боламын деп ойламадым. Ол мен үшін жай хобби еді. Негізі геодезист болғым келген. Бірақ грант болмады. Содан «осындай колледж бар, таңдау пәніне қарамайды, балың жетсе түсесің» деді. Бұл саланы мен емес, ата-анам таңдады. Оларға бірнеше мамандықты ұсынған. Ішінде экономикадағы ақпараттық жүйе деген бар. «Осы бәле таңнан кешке дейін компьютерде отырады, соған бере салайық» деп анам құжатты тапсырған. Мен бір айдай сабаққа бармадым. Сосын жетекшім хабарласты. Сыныпқа кіріп қалсам, 24 қыз отыр. Жігіттер мерекесінде – рахат (күліп), бірақ 8 наурызда ештеңе бермеймін. Осылайша оқып шықтым. Бірақ орта біліммен жұмыс табу мүмкін болмады. Жоғары білімге қоса, үш жыл тәжірибең болу керек.

Жаңа бітірген студентте тәжірибе қайдан болсын? Логика жоқ. Жұмыс барысында кәсіпкермен кездескенде осы талапты алып тастауын әлі күнге дейін айтамын.

Кәсіпкер болған соң міндетің ақша табу ғана емес, қоғамға көмектесу. Сол үшін саған мемлекет жылына екі рет ғана есеп бер деп, сол үшін салық деңгейін түсіріп отыр. Ешкім жұмысқа алмаған соң, Астанаға бардым. Алғаш жұмыс істеген жерім ұялы телефон сататын «Азия связной» мекемесі еді. Бір жайт әлі есімде. Біз тәжірибеде жүрген соң зат сатуға құқығымыз жоқ. Сол үшін айлық алатын мамандар бар. Біз қасында жүріп, үйренуіміз керек. Бірақ мен батылдық танытып, бір адамға түсіндіре бастадым. Ол кезде «nokia n95» деген телефон танымал еді. Сол күні алғаш сауда жасадым. Сөйтсем ол өзім жұмыс істейтін мекеме басшысының бірінші орынбасары екен. Ол мені мұқият тыңдады. Кейін екі айдан кейін мен сол дүкенді басқара бастадым. Жұмыс барысында мекемені жақсарту үшін ойымды, идеямды жиі айтамын. Бұл біреуге ұнаса, біреуіне ұнамайды. Осылайша басшылықпен келіспей, жұмыстан шығып кеттім. Қайтадан жұмыс іздедім. Орта білім болған соң ешкім қарамады. Сосын оқу керегін түсіндім. Бірақ Қазақстанда емес. Мен ағылшын тілінен әлі күнге дейін шорқақпын. Дегенмен, қолға алсам, бір-бір жарым жылда орташа деңгейді бағындыруға болады. Алдымен Ресейдің университетіне емтихан тапсырып көрдім. Талабы жоғары болған соң түсе алмадым. Австрияны көрдім. Ол да болмады. Сосын бір досым «тестілеу орталығына бар» деп кеңес берді. Ол жерде Олжас деген жігітпен таныстым. Ол Чехияда барлық оқу тегін, бірақ чех тілінен және мамандық бойынша пәннен емтихан тапсыру керегін түсіндірді. Чех тілін қиын шығар деп ойлайтынмын. Бірақ орыс тіліне ұқсас екен. Дегенмен, бір сұрақ туындады. Емтихан тапсыру үшін қалай барамын? Ол кезде Чехияға бару – миллион теңге болады. Әкем 37 мың теңге айлық алады. Бірнеше адаммен кеңестім. Бір танысым Чехияның елшілігіне барып, «баруға қаражатым жоқ, елшіліктің ғимаратында тапсыруға рұқсат беріңіз» деп, елшінің атына өтініш жазуыма кеңес берді. Сыртқы істер министрлігінде заң бар екен. Елшілік ғимаратының ауданы сол мемлекеттің территориясы деп есептеледі. Яғни сен Чехияның елшілігіне кірсең, заңды түрде Чехия мемлекетінің жеріне енесің. Мұны алғаш естігенде менің де түрім дәл сенікіндей болды. Маған рұқсат берді. Арнайы комиссия құрылып, емтихан тапсырдым. Жақсы нәтиже көрсетіп, оқуға түстім. Енді манағы сұрақ қайтадан туындады? Қалай барамын? Алдымен Астанадан Мәскеуге ұштым, одан Франкфуртқа, Франкфуртта ұшақты 9 сағат күтіп, Прагаға жеттім. Осылайша миллион емес, бес жүз мың теңге болды. Алғашында шынымды айтсам қатты қорықтым. Қазақстаннан жалғыз шығып көрмегенмін. Университеттің адамы күтіп алды. Жатақханадағы бөлмеме кірсем, тосын сый күтіп тұр екен. Алдымда қара нәсілді жігіт отыр. Бір-бірімізді түсінбейміз. Әйтеуір ымдап, ол өз тілінде, мен қазақша сөйлеп, бірге тұрдық. Кейін ағылшынша, чех тілін де үйреніп, араласып кеттік. Әлі күнге дейін сөйлесеміз. Кенияда тұрады. Жақсы қызметте. 7 баласы бар. «Тұрмысқа шықпаған қарындасым бар» деп мені шақырады. Мен «қой, әке-шешемнің жүрегі ұстап қалар, қара қызды көріп» деп күлемін. Бастапқы уақытта сабақ өте қиын болды. Кей мұғалімдер ағылшыннан бөлек, немісше, французша сабақ өтті. Бір сабақ бір сағат емес, 2-3 сағатқа дейін созылатын. Сабақ таңғы 8-де басталып, кешкі 6-да бітеді. Мен жатақханаға барып, үнтаспаға жазып алған лекцияны түнгі 1-ге дейін аударатынмын. Әлі күнге дейін шетелдік достарым еліне жұмыс істеуге шақырады. Мен бас тартамын. Мені шетелде білім алған немесе тұрған адам ғана түсінуі мүмкін. Сенесің бе, мен үшін Париждің ортасынан үй берсе де, Қызылордаға жетпейді. «Кіндік қаның тамған жер» деп бекер айтпайды екен. Ол жақта мен бәрібір бөтен адаммын. Соңғы рет Бакуге шақырды. Айлығың 1 миллион 200 мың теңге болады деді. Мен сол кезде ойландым. Кетейін бе, әлде жоқ па?! Сол кездегі анамның айтқан сөзі әлі есімде: «Әр мекеменің есігін қағып, қанша жаяу жүгірдің. Тегін сабақ өтесің. Не үшін? Біз сенсіз де күнімізді көреміз. Егер бәрін тастап кететін болсаң, қанша шаруаңды, мына мектепті не үшін бастадың?» деді. Сол кезде бастаған істі соңына жеткізу керегін түсіндім. Өкініштісі, қазір жастардың бойында отансүйгіштік қасиет жоқ. Талғат Бигельдиновтың айтқаны бар: «Қазіргі Қазақстанның жастарына 10 мың $ берсең, мемлекетін сатып кетеді». Олқылықтың орнын толтырмасақ, ертеңгі келешегіміз кім?

– Осы салаға қызығушылық неден басталды?

– IT технологияны үйрететін мектеп ашу идеясы 8 жыл бұрын ойыма келді. Бүгінге дейін 3000 адам оқып шықты. Біз мектепте әр бесінші күнді «Кибер жұма» деп атаймыз. Неге десеңіз, осы күні Қазақтелекомда, банкте, мұнай компаниясында осы секілді басқа да нысандардың IT бағытында жұмыс істейтін шәкірттеріміз бас қосып, бір тақырып аясында тәжірибе алмасады. Қазір елімізде «Startup жоба: Менің арманым» байқауы өтуде. Қызылордадан үш жыл ішінде алғаш рет ақтық сынға менің шәкірттерім өтті. Жобаларының идеясы ерекше. Менің шәкірттерім жұмыс іздемеу керек, олар жұмыс орнын құру керек. Себебі IT саласындағы білімімен оларға Қызылордада жұмыс жоқ. Шәкіртімнің көбі Алматыға, Астанаға кетті. Мәселен, Костя деген бала алғашында Астанада 90 мың теңгеге жұмыс істеді. 10-шы айдан кейін оны middle (орташа) деңгейіне көтеріп, айлығы – 550 мың болды. Қазір ол деңгейін жетілдіру үшін емтихан тапсыруға дайындалуда. Жақсы нәтиже көрсетсе, айлығы – 5000 € (2 188 100 теңге) болады. Мұғалім шәкіртін шабыттандыру үшін онымен бір деңгейде сөйлесу керек. Қазір жасым 30-ға келсе де, жастармен бір толқында болу үшін компьютерлік ойындарды ойнаймын.

– Соңғы уақытта қандай ой жиі мазалап жүр?

– Қазақстанда IT саласын үйрететін 11 мектеп бар. Соның ішінде 5 мектеп өзара бәсекелеспіз. Оның ішінде үшеуі басқа қалада да мектеп ашты. Себебі олар кәсібін 2000-шы жылдары бастаған. Біз де 2020 жылға қарай Түркістан және Ақтөбе облыстарында ашуды жоспарлаудамыз. Осы жылдың ақпанына дейін мектепте оқу тегін болатын. Дегенмен, білімнің құны жоғалды. Өз еркімен келіп, жазылып кеткен баланы күштеп әкелуге тура келді. Сондықтан біз Қазақстан бойынша ең төменгі бағаны (5000 теңге) қойдық. Неге біз дәл IT саласын оқытудамыз?

Ресми мәліметке сүйенсек, бүгінде елімізге IT саласында және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін 5000 маман жетіспейді. Мәселе бұл саланы оқытуда ғана емес, бізде олар оқып шыққаннан кейін жұмыс істейтін нарық жоқ. Елімізді шетелдің бағдарламалары жаулап жатыр. Мәселен, «Яндекс» компаниясы емес, ішіндегі бір ғана бөлімі елімізге келіп еді, көптеген такси компаниялары зардап шегуде. Сол секілді «2gis» қосымшасы бүгінде 8 қаланы қамтыған. Жақсы, олар да өз жұмыстарын істеуде, салық төлеуде. Бірақ... біз жағдайдың екінші жағын ұмытып барамыз. Кейін еліміздің нарығынан оларды қалай шығарамыз?

Біз осы жағдайды қолға алмасақ, ертең сол шетелдің бағдарламасына тәуелді боламыз немесе осы саланы жетік меңгерген IT мамандарымыз өзгенің компаниясында жұмыс істейді.

Яғни бізде бұл салада алға жылжу болмайды. Мені соңғы уақытта ойландыратын жайт осы. Мен көптеген оқу орындарымен байланыстамын. Қай колледж екенін айтпай-ақ қояйын, бірақ студенттен «сабақтарың қалай өтеді» деп сұрасам, «компьютерде ойын ойнаймыз» деп жауап берді. Жақсы, «қандай бағдарлама тілін меңгердіңдер» десем, «delphi, turbo pascal, visual basic, сосын с, с+, с++», дейді. Бұл тілдер жаман емес, turbo pascal-дің көмегімен де бағдарлама жасауға болады. Бірақ ол қазіргі нарыққа сай емес. Мәселен, сіздің whatsapp бағдарламаңыздың іші ескі, видео, аудио қоңырау, эмоджи жоқ болса, қолданасыз ба? Әрине, дизайны әдемі, мүмкіндігі көп шетелдің бағдарламасын жүктейсіз. Жоғары оқу орындары жылдар бойы қалыптасып кеткен қағидамен жүреді. Оның ішіндегі мыңдаған ұстаздың ойын өзгерту оңай емес. Жыл сайын қайталанатын дүниені бұзып, жаңа жүйеге көшу ондаған жылды талап етеді. Мен тек IT саласына қатысты факультеттерді айтамын. Ал басқа мамандықтар 10-15 жылдан кейін жоғалады. Мәселен, банкке несие төлеуге кассаға барсаңыз, терминал арқылы төлеуіңізді сұрайды. Мұның өзі уақыт өте кассада отыратын адамның керек емес болатынын дәлелдейді. Сондай-ақ, арнайы бағдарлама арқылы онлайн кредит рәсімдеуге болады. Бұл да банктегі кеңесші маманның жоғалатынын көрсетеді. Шетелде адамдар әр 10 жыл сайын мамандығын ауыстырады. Қытайда 15000 зауытты автоматты жүйеге көшірді. Ұялы телефонды адам емес, енді роботтар құрастырады.

Осы салада Қазақстан Ресеймен салыстырғанда 15 жылға артта қалған. Бізде өзіміздің Джобстар, Масктар, Цукербергтер бар. Бірақ оларға білім алу үшін жақсы жағдай жасап, үнемі шабыттандыру керек.

Қарапайым мысал, әкімшілікте тәжірибеден өткен менің шәкірттерім «егер біреудің компьютері істемей қалса, оны жай өшіріп, қайта қосады» дейді.

Бұл мәселені шешу жолы емес. Алдымен ақау неден болғанын білу керек. Өздерінің қызметіне де олар дәл осындай көзқараста.

– Сіздің салаңызға аяқ басқан жас маманның алдында қандай қиындық туындауы мүмкін?

– Біріншіден, кәсібилік.

Екіншіден, жаңа технологияны жетік білмеу.

Үшіншіден, жалқаулық.

Төртіншіден, нақты мақсаттың болмауы.

Бесіншіден, бюрократия.

– Табысты болу рецептіңізді сипаттап беріңізші. Қандай ингредиент міндетті түрде болу керек?

– Бір данышпан адам болды. Менің үлгі тұтатын адамым еді. Ол инженер де, программист те емес. Бірақ оның идеялары әлемді өзгертті. Есімі – Стив Джобс. Оның бір сөзі бар: «Тек ақылынан адасқан адам ғана әлемді өзгерте алатынына сенеді. Сондықтан ол өзгертеді». Мектепті ашып, тегін оқытамын деп шешкенімде, барлығы «сен есіңнен адасқансың» деді. «Одан саған қандай пайда?» деген сұрақ жиі қойылды. «Игра престолов» сериалында бір кейіпкерден сұрайды: «Сен бір патшадан екіншісіне, одан басқасына қызмет етесің. Осы сенің діттеген мақсатың қандай?» деп, сонда ол: «Патша да пенде. Уақыты санаулы. Мен патшаға емес, мемлекетке қызмет етемін» дейді. Табысты кәсіпкер үшін қайсар мінез керек.

Рингте сені қандай күшпен ұрғаны маңызды емес. Маңыздысы – 9 секунд ішінде есіңді жинап, әрі қарай күресу.

Одан кейін табандылық және жасап жатқан дүниеңді жақсы көру. Ең жақсы мамандық – хоббиің.

– Біздің IT саласының мамандарына не жетіспейді?

– Мәселе өте көп. Мынадай қызықты дерек бар. Мақсатыңа жету үшін тынбай 10 мың сағат жұмыс істеу керек. Егер оны шамамен үш сағатқа бөлсек, 10 жыл уақыт керек. Яғни 10 жыл бойы күнде кем дегенде үш сағат тынбай еңбектену керек. Шәкірттеріммен бірге жарысқа барамыз. Сонда бөлмелеріне кірсем, ұйықтап жатады. Қызығып кетемін. Себебі кәсібімді ашқалы бері мен күнде таңғы алтыда тұрамын. Бұл үшін сондай тәрбие берген әкеме алғысым шексіз. Менің әкемнің мінезі қатал. 30 жыл ішінде қандай жетістікке жетсем де, бір рет мені мақтаған емес. Мен білемін, ол мақтан тұтады. Бірақ өзіме айтқан емес. Бұл нағыз ер адамға тән мінез.

Тұрсынбектің айтатыны рас. Баяғыда әкелерің келе жатыр дегенде, балалар жан-жаққа қашады ғой. Біздің үйде де дәл сондай болатын.

Әкемізден қорқатынбыз. Бұл бір жағынан ананың тәрбиесі. Ол кезде 6 сыныпта оқимын. Жаз. Әкем маған кесек құйғызатын. Бастапқыда қызық. Бірақ келесі жылы, арғы жылы, одан арғы жылы да қайталанады. Ол кесекті пайдаланбайды. Қыс бойы қар суымен ериді. Жазда қайта құямын. Не үшін екенін түсінбейтінмін. Таңғы 6-да тұрып, анаммен бірге сиыр сауамыз, мал айдаймыз, сабаққа барамын, одан домбыра үйірмесіне, бокске, мектепте де белсендімін. Осының барлығының мәнін 21 жасымда түсіндім. Әкем маған «кез келген дүние мандай термен келеді» дегенді ұғындырғысы келген екен. Бірақ әлі күнге дейін мінезі қатты. «Үйге келетін келіншектің жағдайы қалай болар екен» деп уайымдаймын (күліп). Бір сәт әлі күнге дейін көз алдымда. 3-сыныпта оқимын. Жаңбыр жауған. Үстібасым балшық, киімді тастап, ойнауға кеттім. Сабағымды оқып, ұйықтап қалдым. Таңғы 4-те тұрғызып, бүкіл киімді тазалатты. Екі сағат бойы бәрін жуып, үтіктеп, аяқ-киімді сүртіп, 7-де сиырды жайғап, сабаққа кеттім. 22 жыл өтті. Әлі күнге дейін түнде ұйықтардың алдында ертең киетін киімімді дайындап қоямын. Сондықтан, әсіресе, ер балаға қатты болу керек. Қазір жастардың мақсаты жоқ. Әйтеуір өмір сүріп жатыр.

Біздің IT саласының мамандарына берік іргетас жетіспейді. Оны университеттен емес, мектеп қабырғасынан бастауымыз керек.

Шетелдің мектеп оқушылары веб-браузер, мобильді қосымша жасайды. Ал бізде университетте ол көбінің қолынан келмейді. Ал мектептегі информатика пәнінің өту деңгейі мүлде төмен. Біріншіден, құрал-сайман ескі, екіншіден, мұғалімнің білім деңгейі нашар. Біз сол мұғалімдерді оқуға шақырамыз. Бірақ олар білімін жетілдіруге талпынбайды. «Маған оқуым үшін мемлекет төлеу керек» дейді. Мен ағылшын тілін үйреткендей, IT саласын 1-ші сыныптан оқытуды ұсынамын. Ол болашақтың айнымас бөлшегі. Егер жақсы маманды өзіміз оқытпасақ, ертең Ресейдегі бір Васяға хабарласамыз: «Вася, өтініш, бізге мыналарды істеп берші. Сұраған соманды төлейміз». Ал ол телефонның ар жағында қарнын қасып: «Менің қолым бос емес» дейді. Оған ол керек емес. Ал бізге өте қажет. Міне, осындай жағдайға жетпеу керек. ы

Әсел БЕГМАН,
журналист.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан кейінгі жүзеге асырылып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аз ғана уақыттың ішінде өз нәтижесін беруде. Олай дейтініміз, туған жерді түлетуге атсалысып, жанашырлық танытып жүрген азаматтардың қатары көбеюде.

ЕЛ АЛҒЫСЫ – ЕҢ ҮЛКЕН СЫЙ

Рухани жаңғыру, ең алдымен, әрбір тұлғаның жаңалыққа бейімделуі, сананың өзгеруі деп түсінген абзал. Жеке тұлғадан бастап отбасылық, ұжымдық, жалпыадамзаттық мәдениеттің жаңғыруы арқылы қоғамдық көзқарас құндылықтарды дәріптеуге бейімделеді. Бұл – өткенімізді қайта тірілту, рухани дүниені байыту. Әрине, қоғамдық сананы санаулы уақытта өзгерту немесе жаңғырту мүмкін емес. Ол ұзақ уақытты қажет етеді.

Баланы елге қызмет етуге дайындайтын ұлттық тәрбиенің өзегі – рухани дүниенің байлығы. Рухани бай адам – ең бай адам. Ал мұндай жандар біздің арамызда жетерлік. Жұртқа қызмет етуді парыз санаған азамат көпке пайдалы іс тындырады. Алаш қайраткері Әлихан «Ұлтына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден» десе, Шәкәрім ғұлама «Жоба тап, Жол көрсет, Келешек қамы үшін... Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң – шын бақыт, Осыны ұқ, Мәңгілік өлмейсің!», – дей келіп, жұртқа қызмет қылудың жолын көрсетеді.

Елбасы «Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар. Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады. Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады» – деген болатын. Туған жерін түлеткен Жақсылық Үшкемпіров, Абзал Ералиевтер тәжірибесі Қазақстанға кеңінен танылды. Біздің аймақта да кіндік қаны тамған ауылын дамытуға үлес қосып жүрген жанашыр азаматтар көбейіп келеді.

Бағдарлама басталғалы Сыр өңірінде түрлі әлеуметтік нысандар, демалыс орындары, саябақтар салынып, қайырымдылық шаралары өткізілді. Әсіресе, бұқаралық спортты дамыту мақсатында елді мекендерде спорт кешендері бой көтеріп, қазіргі таңда мектеп оқушылары мен ауыл жастары бірнеше үйірмелерге қатысып, түрлі сайыстарда жүлделі орындарға ие болуда. Спорт үйірмелері ауыл жастары мен оқушылары үшін тегін қызмет көрсетеді. Айта кетуіміз керек, бағдарлама аясында Шиелі ауданында спорт кешендері, жүзу бассейні салынса, барлық аймақта демалыс саябақтарында жастар мен ардагерлерге дене шынықтыруға арналған құрал-жабдықтар орналастырылған. Мұның бәрі тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалануына, түрлі спорт түрлерімен айналысып, әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуына септігін тигізеді.

Бағдарлама бойынша аймақтағы 12 музей қайта жөндеуден өткізіліп, жаңа экспонаттармен толықтырылды. Бұдан бөлек білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына қолдау білдіріп жатқан азаматтар баршылық. Бүгінгі күнге дейін аймақтағы меценаттар 12 млрд теңге көлемінде түрлі салаға демеушілік көрсетті. Солардың бірі – Рзақұл Сәденұлы Нұртаев.

Әр жылдары түрлі салада қызмет еткен Рзақұл Нұртайұлы – өзі туып-өскен ауылының өркендеуіне үлес қосып келе жатқан азамат. Жас ұрпақтың заманауи талаптарға сай білім алуы – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Қармақшы ауданы Ақжар ауылындағы мектепті интерактивті тақта, компьютерлермен жабдықтап, мұғалімдердің сапалы білім беруіне жағдай жасады. Соңғы жылдары мектепте арнаулы кабинеттер ашу, зертханаларды қажетті құралдармен қамтамасыз ету жолға қойылған. Рзақұл Сәденұлы аталған мектептегі «Тарих» кабинетінің талапқа сай безендірілуіне атсалысты. Бүгінгі күні жаңартылған мазмұнда білім алушылар үшін жасақталған кабинеттерде ашық сабақтар, семинарлар өткізіледі.

Осы мектепте аймақта тұңғыш рет тарих пәнінен облыстық олимпиада өткізілді. Ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін кеңінен көрсете білген олимпиадаға қатысушылар арнайы штрих-код арқылы кіріп, шын жүйіріктер жеңімпаз атанды. Олимпиада барысын бақылаған мектеп мұғалімдері мен ата-аналар бұл тәсілдің шынайылығына тәнті болды. Оның үстіне нағыз білім бәйгесін көрген оқушылар алдағы уақытта да осы тәсілді қолдайтынын жеткізді. Сондай-ақ жеңімпаз оқушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жуырда Қармақшы ауданына жол түсті. Аудан орталығындағы алаңда орналасқан «Ана мен бала» ескерткіші сонадайдан көз тартады. Жарқырап тұрғанынан жаңарғанын байқадық. Сұрастырып білсек, айналаны қоқысқа толып кеткен ескерткіштің мұндай мүшкіл халін көрген Рзақұл Сәденұлы аз ғана уақыттың ішінде жан-жағын тазартып, мәрмәр тастармен безендіріп, электр жарығын жүргізіп, абаттандырып, жұрт демалатын саябаққа айналдырыпты. Қайта жаңғырту жұмыстарына 5 миллион теңге қаражат жұмсалғанын білдік. Әрине, бұл қаржының қаншалықты маңдай термен келетінін әркім жақсы біледі. Рзақұл ағаның елге жасаған қызметі көпке үлгі болса керек. Ананың қадірін білген жанның осындай игі ісінің нәтижесінде қазір Қармақшыда «Ана мен бала» ескерткіші орталық алаңға сән беріп тұр. Аудан тұрғындары Рзақұл Сәденұлының бұл қамқорлығына дән риза.

Әлемге әйгілі миллиардер Стив Джобс соңғы сұхбатында «Мен жер бетіндегі ең бай адам бола тұра, керекті нәрсені істемедім» деген екен. Дүние жүзіне Apple компаниясы арқылы белгілі, миллиондаған жандардың бастамаларына себепкер болған Джобс өмірінің соңғы сәттерінде рухани құндылыққа мән бермегеніне өкініпті. Осы мысалдың өзінен-ақ рухани байлықтың қаншалықты маңызды екенін аңғару қиын емес.

Рзақұл Сәденұлының өмірлік ұстанымы – елге қызмет ету. Рухы биік азамат туған өлкенің дамуына өлшеусіз үлес қосып, жас ұрпақтың білімді, бәсекеге қабілетті болып өсуіне жанашырлық танытып, қолдау білдіріп келеді. Ал біздің міндет – жанымызда жүрген жақсы адамның бастамасын дәріптеу.

Гүлмира ӘШІРБЕКОВА,
облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім басшысы.

Мен таныған Әлекең

Әдетте, халық деген Құдайдың бір атауы болғандықтан да қауым өзі құрметтейтін тұлғаларды жадында сақтайды. Осы ретте айтулы азаматтардың жеке қасиеттері ел алдында адамгершілік немесе адамдық деп аталатын өмір таразысына тартылатынға ұқсайды. Бір қызығы, ол таразыға бәріміз тартыламыз.

Әлекең – мемлекеттік қызметкер. Өмірін осы салаға арнаған азамат. Алайда, оны өзгелерден бөлектеп тұратын көптеген қасиеті бар. Бәрін тізбелеу әдепке артық болар, дегенмен, кейбір қырларын атап көрсету орынды деп ойлаймын. Өзім таныған көп қасиеттерінің бірі – ол кісіде асығу, күйіну немесе жұмыс барысында орынсыз мазалану деген болмайды екен. Қай кезде көрсеңіз де сол баяғы сабырлы, салмақты қалпынан бір танбайды. Бұл Әлекеңдей сырбаз адамдарда ғана кездесетін сирек мінез, ерен ғадет болса керек.

Қазір қоғамның қатайып, әрбір азаматқа деген талаптың да күн сайын күрделеніп бара жатқаны жасырын емес. Дегенмен, өзіне ғана емес, өзгелерге де болсын деп жанжағына нұрын шашып жүретін қауымшыл жандар арамызда әлі көп. Мемлекетімізде гуманизмге сондықтан да баса көңіл бөлініп отыр. Осы ретте Әлімжан Мұратбайұлы Жарылқағановтың қоғамды біріктіруді мақсат еткен зиялылар санатынан екенін атап айтуымыз қажет. Бір қызығы, көпшілдік қасиет оған әкесінен дарығандай. Жарықтық Мұратбай ақсақал мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз болған. Елге сіңген ерен еңбегі үшін оған 1964 жылы «ҚазССР-не еңбегі сіңген мұғалім» атағы беріліпті. Мұндай атақты ілуде біреу иеленетінін уақытында кеңес мектебінде білім алған барша ағайын жақсы білсе керек. Ақсақал зейнетке шыққасын да қарап жатпай, атақты Жанқожа батырдың есімін ұлықтаумен айналысқан алғашқылардың бірі болыпты. «Жоқтан бар құралмайды, бар жоғалмайды» дейді қария сөзі. Көпшіл қасиет те Әлекеңнің бойына әкенің қанымен, ананың сүтімен дарыған дейтініміз содан.

Сондай-ақ, пенденің бойына біткен бұла мінезі оның қорғаны екенін ескерсек, ағамыздың табандылығы мен төзімділігі оның бітім-болмысын даралап тұрғандай көрінеді. Егер табандылық қасиетті адамның бойындағы көзге көрінбес рухтың беріктігінің көрінісі десек, төзімділіктің сипаты бірнешеу екен. Әйгілі орыс ғалымдарының бірі Андрей Максимов «Психофилософия: Книга для тех, кто перепутал себя с камнем» деп аталатын кітабында «төзімділік – өз қажеттіктерінен гөрі, өзгенің өзегін өртеген мәселелердің маңыздырақ екенін әркімнің түсінуі» деп бағалайды. Осы ретте Әлімжан Мұратбайұлының көп жылғы құқықтық журналистика саласындағы кәсіби өмірі тек қана жетістіктерден, қызмет сатысында бірыңғай жоғарылаудан тұрды десек, шындықтың ауылынан алыстап кетеміз... Бәрін де көрген, төзген, қиынқыстау кезеңде «ақылы мен жігері алып шыққан, екі жақтап». Осы ретте 50 жасқа толған кездегі ағамызға арналған марапат сөздерден қысқаша үзінді келтіру артық болмас. Айырымы көп емес.

«Бозбала шағынан әскери өмірдің қыр-сырын тануға талпынған ол 1976 жылы Челябинскіде әскери курстан өткеннен кейін Германияда Отан алдындағы борышын өтейді. Сол жақта жүріп ең алғашқы жауынгерлер өмірінен жазған тырнақалды репортаждарын «Лениншіл Жас» газетіне жіберіпті. Әлекеңнің студенттік өмірі Алматыда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қабырғасында басталған. Білімнің қара шаңырағы саналатын ҚазМУдың «алтын түлектері» дейтін буынына тап келген Әлімжан Жарылқағанов журналистік саланың ыстығы мен суығын республикамызға танымал саясаткер марқұм А.Сәрсенбаев, Д.Мыңбай, Ш.Паттеев, Нұртөре Жүсіп, Еркін Қыдыр, Жүсіпбек Қорғасбек, Ғалым Омарханов, Серғазы Мұктарбеков, Александр Тасболатов, Әлисұлтан Құланбаев, белгілі тележурналист Бейбіт Құсанбек, Батырбек Садыханов пен Жандарбек Туғанбаев, ғалым, термеші Сағатбек Медеубек секілді кейіннен халыққа кеңінен танымал болған тұлғалармен тығыз араласқан.

Әлекеңнің журналистік жолда жүріп, іске асырған тың ой, соны идеялары нәтижесіз қалған жоқ. 1984 жылдан Целиноград облыстық теле-радио комитетінің радио редакциясына тілші болып орналасқаннан бастап жас маман ретінде бұл салада да өз қолтаңбасын қалдырды. Бұған сол кездері қалың тыңдарман қауымның жүрегіне жол таба білген «Ән – көңілдің ажары», «Ауыл өмірі», белгілі диктор Рабиға Аманжоловамен бірге жастарға арналып жүргізілген «Арман» хабары айғақ бола алады. Кезінде қазағы саусақпен санарлық Қапшағай қаласында бас көтерер азаматтарды біріктіріп құрған «Қазақ тілі» қоғамы да Әлекеңнің ұлтына деген жанашырлық сезімін танытқан жаңалық ретінде тарихқа енді. Дәл осы игі ниеттен туған оң шара сол жылдары белгілі жазушы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның Әлімжан Мұратбайұлына ағалық сенім артып, журналистік үлкен жолға оң бағыт сілтеуіне де тұрткі болған еді.

Тынымсыз еңбекпен талпыныстың желге ұшпағаны болар, ол бас-аяғы екі-үш жылда аға редактор лауазымына дейін көтеріледі. Содан кейін Қапшағай қалалық радиосының жауапты хатшысы, қазақтың «Левитаны» атанған Әнуарбек Байжанбаев секілді аты аңызға айналған тұлғамен, Айман Ақшалова, Сауық Жақанова, Нұрлан Өнербаев сынды белгілі дикторлармен тағдырын тоғыстырған Алматы қаласы мен облысына радио хабарларын тарату бас редакциясының бас редакторы, Халықаралық радионың бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарды. Осындай еңбектері арқасында оған 1987 жылы «Правда» газетінің бас редакторы Г.Марков кол қойған КСРО Журналистер Одағының мүшесі деген куәлік тапсырылды. Ал, тоқсаныншы жылдың басынан бастап Ә.Мұратбайұлы ҚР ІІМ Штаб бас басқармасына қарасты баспасөз орталығына басшы болып келді. Міне, дәл осы кез болашақ полковникті қым-қуыты мол, ауыртпалығы атан түйеге жүк боларлық ішкі істер органымен түйістірген еді.

ҚР ІІ министрінің баспасөз хатшысы, Көліктегі бас ІІД кадр жұмысы басқармасы бастығының орынбасары, Әділет министрлігінде, ҚР ІІМ Мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы, Көліктегі Батыс ІІД бастығының тәрбие және кадр жұмысы жөніндегі орынбасары секілді қызметтердің тезінде сан мәрте сыналған ол, ең бастысы, халықтың тарихынан, жанынан ажырамас асыл тәрбиесінің тінін жықпады, қазақ елінің сарқылмас мұрасы болған ана тілдің орнын босағадан төрге сүйреді. Полковниктің ішкі істер саласына енді қосылған жас маманға берген ағалық ақыл-кеңесі мен жеке құрам арасында мықты тәртіпке сүйене отырып, сіңірген ұлттық тәлім-тәрбиесі де нәтижесіз қалған емес. Оған бүгінгі Ә.Мұратбайұлының артынан ерген қызметтес іні-қарындастарының қол жеткізген жетістіктері куә.

Туған жерге оралғасын Әлекең облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары, тіл комитетінің басшысы, тағысын тағы қызметтер атқарды.

Қазір «Дипломмен – ауылға!» деген саясат жүріп жатыр. Бұған қоса Елбасы 5 қазандағы Жолдауында «Ауыл – ел бесігі» атты бағдарлама жариялады. Қазірде қазақтың 42,6 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Ауыл – ұлтымыздың ұясы. Олай болса, жастардың аудан мен ауылға келіп еңбек етуі кәсіби қызметімен қоса оларға ұлттық болмысты сақтап қалу жауапкершілігін де жүктейді.

Әлекең алпысқа иек артқан шағында туған жерге оралды. Қазір ауданнан әкімінің орынбасары ретінде бойындағы бар білімін, көргені мен көңілге түйгендерін, қысқасы, өмірлік бай тәжірибесін туған топырақты қайта түлетуге жұмсап келеді. Жеңгеміз Маржан да келін болып түскен топырақта қызметін жалғастырып, жақында зейнетке шықты. Демек, уақыттың түрлі сындарынан сүрінбей өткен кадрлар мен жаңа технологияларды, басқарудың заманауи менеджментін меңгерген жас буын мамандардың қатар қызмет атқаруы арқылы екі ұрпақ бірін-бірі толықтырады деген сөз. Атақты итальян суретшісі Леонардо да Винчи «ақиқаттың басты критерийі – тәжірибе» деп бекер айтпаған болса керек.

Шынтуайтына келгенде, оның көп жылғы құқық қорғау саласындағы кәсіби өмірі тек қана жетістіктерден тұрды десек, ақиқатқа қиянат болар еді. Бір мысал. Әлекең жоғары лауазымды қызмет етіп жүргенде мысықтілеулі әріптестерінің жаласынан қызметтен босап та қалады. Дос-жаран, жолдас дегендердің арасында мұндайда қатал тағдырдай сырт беретіні тағы бар... Бірақ, ол мойымады. Қайта ширыға түсті. Осынау сәтсіздікті жазмыштың сынағы деп бағалап, хакім Абай айтқандай, «хақтың жолы – хаділетті» қалпына келтіруге ұмтылады. Бірнеше рет қызметтік конкурстарға қатысады. Ақырында, бұрынғы қызметіне қайта тағайындалады.

Бұрындары әжелеріміз қызкеліндеріне «әйелдің міндеті – күйеуінің тамағын дайындап беріп, кір-қоңын жуу ғана емес, қысылғанда демеу болу. Аталарымыз «ат баспаймын деген жерін – үш басады, ер бармаймын деген жеріне – үш барады» деген. Ер адамның бетінен алмай, қолдап жүріндер» деп айтып отырушы еді. Ағамыздың басына қиындық түскенде жанына желеу болған, жігерін құм етпей, қолдау білдірген бірінші адам – Маржан жеңгеміз болыпты. Осылайша, жеңгеміздің сүйіспеншілік сезім қуаты Әлекеңді тағдырдың талай сынынан қорғап қалған екен.

Бүгін Әлімжан Мұратбайұлы 60 жасқа толды. Біздің мақсат – қасиеттерін жастарға кеңірек таныту, кәсіби шеберлігін дәріптеу, ең бастысы, үйлесімді отбасылық өмір тәжірибесін көпшілікке жеткізу.

Қандай жерде, қай деңгейде қызмет жасаса да, ол өзін қоршаған ортамен үйлесімділікке ұмтылуды өмірінің мәніне айналдыра алды. Бәлкім, бүгін асқаралы алпысқа қадам басқан ағамыздың өзгешелігі де осында шығар?!

Н.МЫҢЖАС,
«Құрмет» орденінің иегері.

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫНАН ТАРАҒАН НҰР

Оның әрбір ісі тіршілік тек тірі жүру үшін берілмейтінін айтпай ұқтырады. Жанды сөзіне тірі ісін тіркеп, жүрек шуағынан жан-жағына нұр таратып отырады. Балалы-шағалы, базарлы, үбірлі-шүбірлі ана шүкірлікпен екінің бірі қол жетпеген 80 жасқа жетті.

Бақытты балалығын ұрлаған соғыс басталғанда Кеңескүл апа небәрі 3 жаста екен. Жыртыққа тесік жауып, тесікке жыртық жамаған балдәурен ғұмырын Шиелінің киелі топырағында, Бидайкөл деген жерде жалаңаяқ шауып жүріп өткізіпті. Бұл күндердің куәгерлері – әкесі Байжан Айдосұлы, анасы Кәмила Байдүйсенқызы, ағалары Рәш, Қамбар мен Аяпберген, інісі Әскер бақилық болған.

Апаның қызық күндері «Болмысы бөлек адам, мінсіз маңғаз, жаны жайсаң азамат, Шиелінің шырайы, еңсесі биік ер, баршаға бірдей бауырмал, жүрегі жомарт, жақсы аға» деген теңеулерге ел ішінде ие болған Дүйсенбі Смайлов атты азаматпен 1957 жылы бас қосумен басталды. Ыдырыс, Роза, Ақәділ, Майра, Жандосы дүниеге келді.

– «Жақсы ұрпақ тәрбиесі үшін әдемі болумен бірге білімді де болуы керек» деген күйеуімнің сөзінен қуат алып, 1962 жылы Қызылорда пединститутына сырттай оқуға түстім. 1974 жылға дейін Шиелі теміржол мектебінде ұстаз болдым. Жемісті еңбегім 1976 жылы теміржол кәсіпорнына қарасты балабақшада меңгеруші болуыммен қатысты. Үкімет еңбегімді бағалап «ҚР Білім беру ісінің үздігі» деген атақ берді. Атақ үшін жұмыс істемегенім өзіме аян, бірақ абыройлы болу, «Дүйсенбінің әйелі» деген атқа кір келтірмеу үшін аянған жоқпын. Қазіргі таңда осы еңбектерімнің зейнетін көріп отырмын, – дейді Кеңескүл апа.

Ол бақытты өмірдің бастауы елдің бірлігінде, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен сыйластықта деп біледі. Жары Дүйсенбінің Шиелі аудандық газетінің «Өскен өңір» деп атауын қойғанын, «Сыр маржанының» (Шиелі вальсі) сөзін жазғанын мақтанышпен айтып отырады. Д.Смайлов кезінде аудандық партия комитетінің хатшысы, Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті редакторының орынбасары болған еді.

Бұл жалғанда адам қызыққа тойған ба? Тағдыр сынағы көтере білетін адамға беріледі емес пе? Сынадай қадалған сынақ 1975 жылы 19 мамырда асқар биіктерге самғар шағы – 43 жасында қыран бүркіт айтылмаған сырларын жүрегіне орап, қайта оралмас сапарға қош айтыспай-ақ қалықтап кете барды. Халықтың сүйген ұлының артында орындалмаған армандары, тапсырылған өтініші, аманаты, балалары үшін орындалар өсиеті қалды.

– Өмірімдегі үлкен қайғы ұлым Ақәділ ажал тырнағына ілінгенде болды. «Атамдатқанына» шыдап ем, «ботамдатқанына» шыдас бермейтін шығармын деп ойлағам. Алла қуат берді. Жақында Ақәділ мен келінім Гүлнардың отанына келін түсті. Айдос немерем иығымда жүрген қайғы салмағын осылай жеңілдетті. Шынында да перзент арманының орындалғанын қуанышты көзбен көру ата-ана үшін нағыз бақыт екен. «Тойымыз тойға ұлассын деген ниетпен 80 жылдық мерейтойыңызды атап өтеміз» деген балаларым мен келіндерімнің ұсыныстарын қабылдадым. Астанада болатын мерейтойыма жалғыз қалғанда жанымнан табылған жанашырларымды, нардың жүгі ауғанда жалт етпеген достарымды, менің өсіп-өнуіме себепкер болып, атсалысып жүрген құда-жекжаттар түгел шақырылып жатыр. Бұл күнге жеткізген Аллаға мың тәубе, – деп апа маған мейірлене қарады. Сөзін әрі қарай жалғастырып «Алла ақырын берсін дегеннен басқа үміт қалмағанда, маңдайға жазылғаны осы болар дегеннен асар амал болмағанда жаны пейіштен болғыр Сарағұл енем «басыңды көтер» деп күш беріп еді» деп көзіне жас алды. Қайғыдан құрақ жасап қуаныш көрпесін тіккен апаның «Алланың көрсеткеніне қанағат» деген сөзінде ақылдылық, төзімділік, парасаттылық, ұлағат жатыр.

«Армандай берем, арман-дап жүрем» дегенді апамен дастарқандас болғандар да, жолжөнекей жолыққандар да талай естіген болар. Мұсылман парызының бірі – қажылығын өтеп келген сексеннің сеңгіріндегі ана күні-түні ұрпақтарының амандығын, жарының жақсы істерінің жалғасқанын, Алланың өзін құлым деп танығанын, «жақсы еді» деген ат қалғанын тілейді. Небәрі 17 жыл ғана ерлі-зайыптылық өмір көрген, 40 жылдан астам балаларына әке орнына әке, шеше орнына шеше болған адамның басқа арманы жоқ.

Құжат бойынша апаның туған күні 30 қыркүйекте Қостанай қаласындағы кіші ұлы Жандоспен бірге тұратын қарашаңыраққа сәлем беруге бардық. Алғашқы сезім – балабақшаға кіргендей болдым. «Алла көпсінбесін» деп шынайы тілегімді ішімнен айтуға тура келді. Апа екінші қабатта намаз оқып отыр екен. «Дүйсекеңнің Сізге айтып үлгермеген аманаты – ұл-қыздарыңыз, күйеу балалар мен келіндеріңіз, немере мен шөберелеріңіз түгел болсын» деген жүрекжарды тілек айттық. Дастарқан басында рет-ретімен шөберелеріне дейін тілек айтып төрдегі әжелерін құшақтап сүйіп, арқа-жарқа болуда.

Адамның иманы – ұятында, ниеті – ақылында, денсаулығы – рухында, махаббаты – сағынышында, парасаты – кешірімінде, тұрақтылығы – тәрбиесінде, ізгілігі – мейірімінде, бағасы – адамгершілігінде, салмағы – беделінде, сұлулығы – мінезінде, байлығы – қанағатында, өлмегені – ұрпағының өсіп-өнгенінде екенін апаға қарап байқауға болады. Үлкендерді сыйлап, жарына тірісінде де, бақиында да бойұсынғаны, еңбегінен бақыт тапқаны – ақиқат. Осындай көңіл-күйдегі бізді Әділжан Ыдырысұлы мен Алмас Жаппарбекұлы балаларымыз шығарып салды.

Тұраш ЫСҚАҚ.

ЖОБА

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелер бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбелерін бекіту туралы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 3), 3-1) тармақшаларына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 7-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелер бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі бекітілсін.
3. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
4. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды заңнамамен белгіленген тәртіппен қабылдасын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «__» _______ № ___ қаулысына 1-қосымша

Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесі

1. Арал ауданы:
1) Алаша көл (көлемі 150 гектар);
2) Ақбілек (көлемі 110 гектар);
3) Ақшатау-Сорғақ (көлемі 3500 гектар);
4) Домалақ (көлемі 150 гектар);
5) Жалаңаш (көлемі 1500 гектар);
6) Жарыққөл (көлемі 180 гектар);
7) Қаракөл (көлемі 1100 гектар);
8) Қарашалаң (көлемі 820 гектар);
9) Қаязды-Бидайкөл (көлемі 250 гектар);
10) Лайкөл (көлемі 280 гектар);
11) Мақпалкөл (көлемі 700 гектар);
12) Райым (көлемі 850 гектар);
13) Суыққөл (көлемі 120 гектар);
14) Тұщыкөл (көлемі 1100 гектар);
15) Шөмішкөл (көлемі 500 гектар).
2. Қазалы ауданы:
1) Аққөл (көлемі 300 гектар);
2) Аққөл-Ердес (көлемі 52 гектар);
3) Аққұдық (көлемі 200 гектар);
4) Алтынкөл (көлемі 20 гектар);
5) Ащыкөл (көлемі 125 гектар);
6) Айжан (көлемі 15 гектар);
7) Жайлаукөл (көлемі 90 гектар);
8) Қаракөл (көлемі 210 гектар);
9) Қаракөл (көлемі 13 гектар);
10) Қашқансу (көлемі 70 гектар);
11) Қотанкөл (көлемі 1100 гектар);
12) Құмкөл (көлемі 250 гектар);
13) Қуаңдария (көлемі 740 гектар);
14) Қыркөл (көлемі 40 гектар);
15) Мариямкөл (көлемі 350 гектар);
16) Соркөл (көлемі 30 гектар);
17) Өтебас (көлемі 126 гектар);
18) Томайкөл (көлемі 120 гектар);
19) Төртқұлақ (көлемі 80 гектар);
20) Тұздыкөл (көлемі 120 гектар);
21) Шортанбасат (көлемі 40 гектар);
22) Шақасоркөл (көлемі 30 гектар).
3. Қармақшы ауданы:
1) 9-Құдық-Әлтай (көлемі 600 гектар);
2) Әбдіраш (көлемі 30 гектар);
3) Бұқабай (көлемі 25 гектар);
4) Домалақ (көлемі 10 гектар);
5) Жетікөл (көлемі 10 гектар);
6) Иіркөл (көлемі 15 гектар);
7) Иіркөл (көлемі 70 гектар);
8) Кенжеалы (көлемі 25 гектар);
9) Кетебай-Масақ (көлемі 20 гектар);
10) Қаракөл (көлемі 150 гектар);
11) Лайкөл (көлемі 74 гектар);
12) Меней (көлемі 50 гектар);
13) Таскөл (көлемі 100 гектар);
14) Тасқын (көлемі 16 гектар);
15) Төлеген (көлемі 30 гектар);
16) Тұзкөл (көлемі 35 гектар);
17) Үңгірлі (көлемі 40 гектар);
18) Шұленкөл (көлемі 30 гектар).
4. Жалағаш ауданы:
1) Балтажарған (көлемі 40 гектар);
2) Бақаш-Маман (көлемі 25 гектар);
3) Бәйбіше (көлемі 80 гектар);
4) Бегім (көлемі 16 гектар);
5) Бесмола (көлемі 30 гектар);
6) Жетіарал (көлемі 25 гектар);
7) Жыңғылдыкөл (көлемі 18 гектар);
8) Иіркөл (көлемі 11 гектар);
9) Иіркөл (көлемі 20 гектар);
10) Қаншиелі (көлемі 25 гектар);
11) Қаракөл (көлемі 28 гектар);
12) Қаракөл (Қаракеткен ауылы) (көлемі 15 гектар);
13) Қарасу (көлемі 17 гектар);
14) Құмбөгет-Ызакөл (көлемі 30 гектар);
15) Құмкөл (көлемі 38 гектар);
16) Құмшөңкөл (көлемі 8 гектар);
17) Құртшеңгел (көлемі 20 гектар);
18) Майкөл (көлемі 80 гектар);
19) Мақпалкөл (көлемі 15 гектар);
20) Серкеш (көлемі 25 гектар);
21) Соркөл (көлемі 22 гектар);
22) Шағала (көлемі 30 гектар);
23) Шынар (көлемі 45 гектар).
5. Сырдария ауданы:
1) Астаукөл (көлемі 40 гектар);
2) Актүйе-ауызкөл (көлемі 30 гектар);
3) Байсары (көлемі 105 гектар);
4) Балапанды (көлемі 30 гектар);
5) Жирентай (көлемі 40 гектар);
6) Жетікөл (көлемі 50 гектар);
7) Иіркөл (көлемі 50 гектар);
8) Иіркөл (Құмкөл)-3 (көлемі 30 гектар);
9) Көктінкөл (көлемі 40 гектар);
10) Көнекбай (көлемі 30 гектар);
11) Кіндіккөл-Базарқұл (көлемі 60 гектар);
12) Қазымбет (көлемі 120 гектар);
13) Қалғандария (көлемі 40 гектар);
14) Қалғандария (көлемі 180 гектар);
15) Қалғандария-Айтек (көлемі 20 гектар);
16) Қалғандария-Тереңөзек-1 (көлемі 30 гектар);
17) Қалғандария-Тереңөзек-2 (көлемі 30 гектар);
18) Қаракөл (көлемі 120 гектар);
19) Қарамола (Балжансай) (көлемі 18 гектар);
20) Қаңлыкөл (көлемі 25 гектар);
21) Қоғалыкөл (көлемі 30 гектар);
22) Құмкөл (көлемі 50 гектар);
23) Құндызды (көлемі 35 гектар);
24) Мақпалкөл Қожан-Қожа (көлемі 40 гектар);
25) Сейдеке (көлемі 42 гектар);
26) Сорқұдық (көлемі 35 гектар);
27) Торанғылды-сатыпалды (көлемі 20 гектар);
28) Ызакөл (көлемі 26 гектар);
29) Ызакөл (көлемі 36 гектар).
6. Қызылорда қаласы:
1) Дүтбай (көлемі 15 гектар);
2) Ермекбай (көлемі 42 гектар);
3) Иіркөл (көлемі 45 гектар);
4) Иіркөл ПМК 29 (көлемі 50 гектар);
5) Иіркөл Прудхоз (көлемі 50 гектар);
6) Қалғандария (көлемі 82 гектар);
7) Мұхамеджан (көлемі 30 гектар);
8) Сасыққөл (көлемі 77 гектар);
9) Талдыкөл (көлемі 100 гектар);
10) Шортанкөл (көлемі 15 гектар).
7. Шиелі ауданы:
1) Алабие (көлемі 150 гектар);
2) Актайкөл (көлемі 110 гектар);
3) Актайкөл-Әділжан (көлемі 60 гектар);
4) Арғынызасы (көлемі 35 гектар);
5) Ахметкөл (көлемі 30 гектар);
6) Ащыкөл (көлемі 35 гектар);
7) Әсеткөл (көлемі 38 гектар);
8) Бидайкөл (көлемі 35 гектар);
9) Домалақ (көлемі 90 гектар);
10) Дамир (көлемі 50 гектар);
11) Ербол (көлемі 5 гектар);
12) Жамайка (көлемі 110 гектар);
13) Жанаткөл (көлемі 42 гектар);
14) Итатқан (көлемі 35 гектар);
15) Иіркөл (көлемі 50 гектар);
16) Кривое (көлемі 35 гектар);
17) Көктікөл (көлемі 58 гектар);
18) Қалғандария (көлемі 160 гектар);
19) Қалғандария (көлемі 77 гектар);
20) Қалғандария (көлемі 70 гектар);
21) Қалғандария-30 (көлемі 42 гектар);
22) Қамыстықақ (көлемі 30 гектар);
23) Қарақуыс (көлемі 150 гектар);
24) Қарақұм (көлемі 15 гектар);
25) Қараой (көлемі 50 гектар);
26) Қасқакөл (көлемі 20 гектар);
27) Құмкөл (көлемі 50 гектар);
28) Құмшұқырой (көлемі 100 гектар);
29) Қырыққұмалақ (көлемі 40 гектар);
30) Нәнсай (көлемі 65 гектар);
31) Ортаққөл (көлемі 64 гектар);
32) Орыскөл (көлемі 25 гектар);
33) Ошақты (көлемі 52 гектар);
34) Сарқұл (көлемі 55 гектар);
35) Сарыкөл (көлемі 30 гектар);
36) Сарыкөл 2 (көлемі 37 гектар);
37) Сасыққөл (көлемі 46 гектар);
38) Соркөл (көлемі 200 гектар);
39) Соркөл (көлемі 40 гектар);
40) Тарша (көлемі 60 гектар);
41) Таушұқырой (көлемі 200 гектар);
42) Тауық (көлемі 15 гектар);
43) Үлкен Барша (көлемі 150 гектар);
44) Ханқожа (көлемі 50 гектар);
45) Ызалыкөл (көлемі 25 гектар).
8. Жаңақорған ауданы:
1) Айдархан (көлемі 20 гектар);
2) Алакөл (көлемі 70 гектар);
3) Баспаққөл (көлемі 30 гектар);
4) Бозкөл (көлемі 60 гектар);
5) Борықты (көлемі 60 гектар);
6) Жаманбала-Қамбаркөл (көлемі 70 гектар);
7) Жашыкөл (көлемі 200 гектар);
8) Жыңғылдысай (көлемі 90 гектар);
9) Иван (көлемі 10 гектар);
10) Имаш (көлемі 15 гектар);
11) Кіржуған (көлемі 30 гектар);
12) Қалғандария (көлемі 150 гектар);
13) Қалғандария-3 (көлемі 165 гектар);
14) Қалғандария-Надувной (көлемі 91 гектар);
15) Қандыарал (көлемі 80 гектар);
16) Қожакент (көлемі 7 гектар);
17) Қойлық-Ата (көлемі 80 гектар);
18) Молда-Қорған (көлемі 22 гектар);
19) Мырзакөл (көлемі 33 гектар);
20) Нарсоққан (көлемі 62 гектар);
21) Өзгент (көлемі 150 гектар);
22) Сауса (көлемі 15 гектар);
23) Тынысбеккөл (көлемі 70 гектар);
24) Халал (көлемі 120 гектар);
25) Шұқырой (көлемі 150 гектар).

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «__» _______ № ___ қаулысына 2-қосымша

Кәсіпшілік балық аулауды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды, көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелері бойынша жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесі

Кәсіпшілік балық аулауды жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелері
1. Арал ауданы:
1) Жалаңаш (көлемі 1500 гектар);
2) Жарыққөл (көлемі 180 гектар);
3) Қарашалаң (көлемі 820 гектар);
4) Қаязды-Бидайкөл (көлемі 250 гектар);
5) Лайкөл (көлемі 280 гектар);
6) Мақпалкөл (көлемі 700 гектар);
7) Райым (көлемі 850 гектар);
8) Суыққөл (көлемі 120 гектар);
9) Қамбаш №1 учаскесі (көлемі 2400 гектар);
10) Қамбаш №2 учаскесі (көлемі 2100 гектар);
11) Қамбаш №3 учаскесі (көлемі 5100 гектар);
12) Қамбаш №4 учаскесі (көлемі 2200 гектар).
2. Қазалы ауданы:
1) Аққөл (көлемі 300 гектар);
2) Аққөл-Ердес (көлемі 52 гектар);
3) Алтынкөл (көлемі 20 гектар);
4) Айжан (көлемі 15 гектар);
5) Жайлаукөл (көлемі 90 гектар);
6) Қаракөл (көлемі 210 гектар);
7) Қаракөл (көлемі 13 гектар);
8) Қашқансу (көлемі 70 гектар);
9) Қотанкөл (көлемі 1100 гектар);
10) Қуаңдария (көлемі 740 гектар);
11) Қыркөл (көлемі 40 гектар);
12) Соркөл (көлемі 30 гектар);
13) Томайкөл (көлемі 120 гектар);
14) Тұздыкөл (көлемі 120 гектар);
15) Шақасоркөл (көлемі 30 гектар).
16) Жанай №1 учаскесі (көлемі 95 гектар);
17) Жанай №2 учаскесі (көлемі 95 гектар).
3. Қармақшы ауданы:
1) 9-Құдық-Әлтай (көлемі 600 гектар);
2) Әбдіраш (көлемі 30 гектар);
3) Бұқабай (көлемі 25 гектар);
4) Жетікөл (көлемі 10 гектар);
5) Иіркөл (көлемі 70 гектар);
6) Кетебай-Масақ (көлемі 20 гектар);
7) Қаракөл (көлемі 150 гектар);
8) Меней (көлемі 50 гектар);
9) Таскөл (көлемі 100 гектар);
10) Тасқын (көлемі 16 гектар);
11) Тұзкөл (көлемі 35 гектар);
12) Үңгірлі (көлемі 40 гектар);
13) Шұленкөл (көлемі 30 гектар);
14) Майлыөзек-Қуаңдария №1 учаскесі (көлемі 294 гектар);
15) Майлыөзек-Қуаңдария №2 учаскесі (көлемі 279 гектар);
16) Қараөзек №2 учаскесі (көлемі 285 гектар).
4. Жалағаш ауданы:
1) Балтажарған (көлемі 40 гектар);
2) Бақаш-Маман (көлемі 25 гектар);
3) Бәйбіше (көлемі 80 гектар);
4) Бегім (көлемі 16 гектар);
5) Иіркөл (көлемі 11 гектар);
6) Иіркөл (көлемі 20 гектар);
7) Қаракөл (Қаракеткен ауылы) (көлемі 15 гектар);
8) Құмбөгет-Ызакөл (көлемі 30 гектар);
9) Құмкөл (көлемі 38 гектар);
10) Мақпалкөл (көлемі 15 гектар);
11) Серкеш (көлемі 25 гектар);
12) Соркөл (көлемі 22 гектар);
13) Шағала (көлемі 30 гектар);
14) Шынар (көлемі 45 гектар);
15) Жыңғылдыкөл (көлемі 18 гектар);
16) Жаңадария №3 учаскесі (көлемі 460 гектар);
17) Жаңадария №4 учаскесі (көлемі 115 гектар);
18) Жаңадария №5 учаскесі (көлемі 360 гектар).
5. Сырдария ауданы:
1) Актүйе-ауызкөл (көлемі 30 гектар);
2) Байсары (көлемі 105 гектар);
3) Балапанды (көлемі 30 гектар);
4) Қазымбет (көлемі 120 гектар);
5) Қаракөл (көлемі 120 гектар);
6) Сейдеке (көлемі 42 гектар);
7) Жаңадария №1 учаскесі (көлемі 216 гектар);
8) Жаңадария №2 учаскесі (көлемі 200 гектар);
9) Қараөзек №1 учаскесі (көлемі 279 гектар).
6. Қызылорда қаласы:
1) Мұхамеджан (көлемі 30 гектар);
2) Талдыкөл (көлемі 100 гектар);
3) Жаманкөл №1 учаскесі (көлемі 300 гектар);
4) Жаманкөл №2 учаскесі (көлемі 300 гектар).
7. Шиелі ауданы:
1) Алабие (көлемі 150 гектар);
2) Актайкөл (көлемі 110 гектар);
3) Актайкөл-Әділжан (көлемі 60 гектар);
4) Ахметкөл (көлемі 30 гектар);
5) Әсеткөл (көлемі 38 гектар);
6) Дамир (көлемі 50 гектар);
7) Ербол (көлемі 5 гектар);
8) Жамайка (көлемі 110 гектар);
9) Жанаткөл (көлемі 42 гектар);
10) Итатқан (көлемі 35 гектар);
11) Иіркөл (көлемі 50 гектар);
12) Көктікөл (көлемі 58 гектар);
13) Қалғандария (көлемі 77 гектар);
14) Қамыстықақ (көлемі 30 гектар);
15) Құмкөл (көлемі 50 гектар);
16) Құмшұқырой (көлемі 100 гектар);
17) Нәнсай (көлемі 65 гектар);
18) Ортаққөл (көлемі 64 гектар);
19) Орыскөл (көлемі 25 гектар);
20) Сарқұл (көлемі 55 гектар);
21) Сарыкөл 2 (көлемі 37 гектар);
22) Соркөл (көлемі 200 гектар);
23) Соркөл (көлемі 40 гектар);
24) Тарша (көлемі 60 гектар);
25) Тауық (көлемі 15 гектар);
26) Ызалыкөл (көлемі 25 гектар).
8. Жаңақорған ауданы:
1) Алакөл (көлемі 70 гектар);
2) Жашыкөл (көлемі 200 гектар);
3) Қалғандария-Надувной (көлемі 91 гектар);
4) Қандыарал (көлемі 80 гектар);
5) Молда-Қорған (көлемі 22 гектар);
6) Мырзакөл (көлемі 33 гектар);
7) Нарсоққан (көлемі 62 гектар);
8) Сауса (көлемі 15 гектар).

Әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелері
1. Арал ауданы:
1) Қамбаш №5 учаскесі (көлемі 4200 гектар).
2. Шиелі ауданы:
1) Ханқожа (көлемі 50 гектар).

Көлде тауарлы балық өсіру шаруашылығын жүргізуге арналған су айдындары және (немесе) учаскелері
1. Арал ауданы:
1) Алаша көл (көлемі 150 гектар);
2) Ақбілек (көлемі 110 гектар);
3) Ақшатау-Сорғақ (көлемі 3500 гектар);
4) Домалақ (көлемі 150 гектар);
5) Қаракөл (көлемі 1100 гектар);
6) Тұщыкөл (көлемі 1100 гектар);
7) Шөмішкөл (көлемі 500 гектар).
2. Қазалы ауданы:
1) Аққұдық (көлемі 200 гектар);
2) Ащыкөл (көлемі 125 гектар);
3) Құмкөл (көлемі 250 гектар);
4) Мариямкөл (көлемі 350 гектар);
5) Өтебас (көлемі 126 гектар);
6) Төртқұлақ (көлемі 80 гектар);
7) Шортанбасат (көлемі 40 гектар).
3. Қармақшы ауданы:
1) Домалақ (көлемі 10 гектар);
2) Иіркөл (көлемі 15 гектар);
3) Кенжеалы (көлемі 25 гектар);
4) Лайкөл (көлемі 74 гектар);
5) Төлеген (көлемі 30 гектар).
4. Жалағаш ауданы:
1) Бесмола (көлемі 30 гектар);
2) Жетіарал (көлемі 25 гектар);
3) Қаншиелі (көлемі 25 гектар);
4) Қаракөл (көлемі 28 гектар);
5) Қарасу (көлемі 17 гектар);
6) Құмшөңкөл (көлемі 8 гектар);
7) Құртшеңгел (көлемі 20 гектар);
8) Майкөл (көлемі 80 гектар).
5. Сырдария ауданы:
1) Астаукөл (көлемі 40 гектар);
2) Жирентай (көлемі 40 гектар);
3) Жетікөл (көлемі 50 гектар);
4) Иіркөл (көлемі 50 гектар);
5) Иіркөл (Құмкөл)-3 (көлемі 30 гектар);
6) Көктінкөл (көлемі 40 гектар);
7) Көнекбай (көлемі 30 гектар);
8) Кіндіккөл-Базарқұл (көлемі 60 гектар);
9) Қалғандария (көлемі 40 гектар);
10) Қалғандария (көлемі 180 гектар);
11) Қалғандария-Айтек (көлемі 20 гектар);
12) Қалғандария-Тереңөзек-1 (көлемі 30 гектар);
13) Қалғандария-Тереңөзек-2 (көлемі 30 гектар);
14) Қарамола (Балжансай) (көлемі 18 гектар);
15) Қаңлыкөл (көлемі 25 гектар);
16) Қоғалыкөл (көлемі 30 гектар);
17) Құмкөл (көлемі 50 гектар);
18) Құндызды (көлемі 35 гектар);
19) Мақпалкөл Қожан-Қожа (көлемі 40 гектар);
20) Сорқұдық (көлемі 35 гектар);
21) Торанғылды-сатыпалды (көлемі 20 гектар);
22) Ызакөл (көлемі 26 гектар);
23) Ызакөл (көлемі 36 гектар).
6. Қызылорда қаласы:
1) Дүтбай (көлемі 15 гектар);
2) Ермекбай (көлемі 42 гектар);
3) Иіркөл (көлемі 45 гектар);
4) Иіркөл ПМК 29 (көлемі 50 гектар);
5) Иіркөл Прудхоз (көлемі 50 гектар);
6) Қалғандария (көлемі 82 гектар);
7) Сасыққөл (көлемі 77 гектар);
8) Шортанкөл (көлемі 15 гектар).
7. Шиелі ауданы:
1) Арғынызасы (көлемі 35 гектар);
2) Ащыкөл (көлемі 35 гектар);
3) Бидайкөл (көлемі 35 гектар);
4) Домалақ (көлемі 90 гектар);
5) Кривое (көлемі 35 гектар);
6) Қалғандария (көлемі 160 гектар);
7) Қалғандария (көлемі 70 гектар);
8) Қалғандария-30 (көлемі 42 гектар);
9) Қарақуыс (көлемі 150 гектар);
10) Қарақұм (көлемі 15 гектар);
11) Қараой (көлемі 50 гектар);
12) Қасқакөл (көлемі 20 гектар);
13) Қырыққұмалақ (көлемі 40 гектар);
14) Ошақты (көлемі 52 гектар);
15) Сарыкөл (көлемі 30 гектар);
16) Сасыққөл (көлемі 46 гектар);
17) Таушұқырой (көлемі 200 гектар);
18) Үлкен Барша (көлемі 150 гектар).
8. Жаңақорған ауданы:
1) Айдархан (көлемі 20 гектар);
2) Баспаққөл (көлемі 30 гектар);
3) Бозкөл (көлемі 60 гектар);
4) Борықты (көлемі 60 гектар);
5) Жаманбала-Қамбаркөл (көлемі 70 гектар);
6) Жыңғылдысай (көлемі 90 гектар);
7) Иван (көлемі 10 гектар);
8) Имаш (көлемі 15 гектар);
9) Кіржуған (көлемі 30 гектар);
10) Қалғандария (көлемі 150 гектар);
11) Қалғандария-3 (көлемі 165 гектар);
12) Қожакент (көлемі 7 гектар);
13) Қойлық-Ата (көлемі 80 гектар);
14) Өзгент (көлемі 150 гектар);
15) Тынысбеккөл (көлемі 70 гектар);
16) Халал (көлемі 120 гектар);
17) Шұқырой (көлемі 150 гектар);
18) Қалғандария №1 учаскесі (көлемі 110 гектар);
19) Қалғандария №2 учаскесі (көлемі 110 гектар).

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «__» ________ № ___ қаулысына 3-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №782 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4842 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 22 қаңтарда және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 қаңтарда жарияланған);
2) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №782 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №875 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4929 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 04 сәуірде және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 мамырда жарияланған);
3) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №782 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі №170 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5162 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 10 қазан және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 қарашада жарияланған);
4) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №782 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы №679 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5722 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 27 ақпанда жарияланған);
5) «Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №782 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №1006 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6127 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 26 қаңтарда жарияланған).

Қамшының сабындай мына келте ғұмырдың әрбір сәтін мақсатына жетуге, туған халқының бақытына арнаған, қоғамға адал қызмет ете жүріп, айналасына шапағатын тигізетін қасиеті мол адамдар жетерлік. Әрине, олар жөнінде көзі тірісінде, тіпті о дүниелік болып кеткенінде де жақсы сөздер айтылып жатады. Міне, сондай атпал азаматтардың бірі – талай дарын иелері өсіп-өнген қасиетті Қармақшы өңірінің тумасы Әбдуәли Спанов.

ҚЫРАНДАР ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ ҚОНАҚТАЙДЫ

«Тегі жақсының өзі де жақсы» дегендей, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында, яғни қазақ даласында кеңестік өкіметтің саясатымен елді жаппай ұжымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатқан кезеңде өмір есігін ашқан Әбдуәли Спановтың жастық шағы ашаршылық, голощекиндік қуғын-сүргін және Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс өтті.

Расында да, сол жылдардағы ұрпақтың өмірі өзгеше болды. Олар қазақ ұлтының басынан өткен зұлматты көріп өсті. Туған елін жаудан қорғауға аттанған әке-ағаларын сағынып, олардың ерліктеріне қанығып өсті.

Міне, туған әкесі өмірден ерте өтіп, жалғыз ағасын майданға аттандырған Әбдуәли де замандастары сияқты майданда от кешіп жүрген ер-азаматтардың орнын басып, «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» ұранымен жеңісті жақындатуға үлес қосты. Еңбек ете жүріп, мектепте білім алды.

Ауылдағы «Бестам» мектебінің бастауыш сыныбын, ал кейіннен аудан орталығындағы №26 орта мектепті Далабай Ешпанов және басқа да есімі елге танылған тұлғалармен бірге тәмамдаған ол Қызылорда қаласындағы жұмысшы-жастар мектебінде білімін жалғастырады. Содан кейін біршама уақыт ауылда есепшілік қызмет атқарған жас маман білімін жетілдіруге Петропавл қаласына жол тартады. Бұл 1947 жылдың күзі болатын.

Бір ауыз орысша білмейтін Әбдуәли Петропавл қаласына келген соң Лев Толстойдың «Анна Каренина» романын оқу арқылы орыс тілін меңгереді. Екі жыл аталған арнаулы оқу орнында білікті мамандардан тәлім алған ізденімпаз жас білімін одан әрі жетілдіруге Мәскеу қаласындағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы университетіне оқуға аттанады. Білімге құштар шәкірттің мақсатын құптаған ұстаздары өз кезегінде оған батасын беріп шығарып салады.

Есімдері елге танылған ғалымдар мен ұстаздардан тәлім алып, өзінің ізденімпаздығымен ерекшеленген Әбдуәли Спанов аспирантураға қалдырылып, көп ұзамай экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғап шығады.

1954 жылы Қазақстанның солтүстігіндегі тың игеру науқаны басталды. Оған одақтас он бес республикадан жұмылдырған болатын. Міне, осындай іске атсалысуда академияны бітіре сала Әбдуәли де сол жылдары өзімен бірге Мәскеуде білім алған, кейіннен есімдері елге танылған қоғам қайраткерлері Е.Әуелбеков, А.Жасаңбаев, А.Әміров сынды қазақ жастарымен бірге жолдама арқылы Көкше өңіріне аттанады.

Ол алғашқы еңбек жолын колхозда агроном болып бастаса, кейіннен шаруашылықтың бас агрономы қызметіне жоғарылатылып, өңірде ауыл шаруашылығының дамуына сүбелі үлес қосады.

Білгір маман қай кезде де сұранысқа ие болатыны рас. Өзінің іскерлігімен, талапшылдығымен, еңбекқорлығымен аймақ жұртшылығына танылған жас маман уақыт өте аудан, облыс басшыларының назарына ілініп, көп ұзамай Көкшетау облыстық партия комитеті бірінші хатшысының көмекшілігіне тағайындалса, бір жыл өткенде сол аймақтың ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының бірінші орынбасары, кейіннен Шортанды аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Володарск ауданы ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, ал 1970 жылға дейін облыстық атқару кеңесі комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып абыройлы қызмет етті.

«Әлем әміршісі – еңбек» деп дана халқымыз айтқандай, Сырда туғанмен, бар саналы өмірін Сарыарқа өңірінде өткізген атпал азамат Әбдуәли Спановтың Көкше халқының тұрмыс-тіршілігінің артуына қосқан үлесі орасан десек, артық емес. Оның сол өңірдің әлеуетін көтеруде, нақтырақ айтқанда, ауыл шаруашылығында – бидай, картоп, көкөніс егуді жолға қойып, мал шаруашылығын өркендетудегі еткен еңбегі өзімен бірге қызмет еткен жандардың есінде.

Иә, кешегі қарт Қуаңның бойында туып-өсіп, өсе келе күллі қазақ халқына танымал болған Әбдуәли Спанов 1970 жылы ҚазССР Орталық партия комитетінің шешімімен Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары лауазымына жоғарылатылды.

Осы ретте, айта кету керек, 1973 жылы жоғары партия басшылығының ұйғарымымен Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне тағайындалған ауыл шаруашылығы саласының білгірі Әбдуәли Спановты Арқа жұртшылығы құшақ жая қабылдады. Сондай-ақ, сол жылдары жерлесіміз Арқа өңірінде еңбек өнімділігінің артуына, кеншілер мен металлургтердің, қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға үлкен үлес қосқанын көнекөз қариялар жыр етіп айтады. Ол тіпті Арқа тұрғындарына картоп, көкөніс өнімдерін өндірудің, мал шаруашылығын дамытып, жем-шөп дайындаудың тиімді тәсілін үйретті. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануда еңбек және демалыс лагерін ұйымдастырып, осы істі өзге өңірлерге үлгі етті.

«Еңбек ет те, өрге бас» деген. Мемлекет және қоғам қайраткері Әбдуәли Спанов зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін елге қалтқысыз еңбек атқарса, зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу кооперативін құрды.

Бірнеше рет аудандық, облыстық, өлкелік, тіпті 1971, 1975 жылдар аралығында шақырылған сегізінші және тоғызыншы ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ел алдындағы елеулі еңбегі үшін де үш рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендері мен «Үздік еңбегі үшін» және «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» медальдарының иегері атанды. Тың игерушілердің республикалық съезіне қатысты. Сонымен қатар, Үкімет жанындағы ауыл шаруашылығы бойынша комиссияның тұрақты мүшесі, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ардагерлер кеңесінің төрағасы болды.

Қазақ халқында «Туған жердің түтіні де қымбат» деген ұғым бар. Расында да, азамат елден жырақ жерде жүрсе де, ешқашан өзі туып-өскен атамекенін ұмытқан емес. Міне, бар саналы өмірін Арқада өткізген Әбекең қай кезде де жерлестеріне қол ұшын беруден танған емес. Оған дәлел, ауылы Ақжарда өзі білім нәрімен сусындаған «Бестам» мектебі жарамсыз болып қалған кезде жаңа мектептің салынуына себепші болды. Оның сапалы әрі тез бітуіне атсалысты. Сондай-ақ, Көкше өңірінде қызмет істеп жүргенде сол қалада ем алып жатқан тұрмағамбеттік Шераз есімді азамат кенеттен қайтыс болады. Елден денесін алып қайтуға барған Әнтай мен Жалғасбай есімді ел ағалары Әбдуәли Спановпен жолығысып, көмек сұрай барғанда, ол тез арада арнайы самолет ұйымдастырып, мәйітті ауылға жеткізуге көмек береді.

Иә, қашанда пенде атаулының бәрі – уақыттың құлы. Ал, уақыт – мәңгілік, шексіз. Осы мәңгілікке қарай сырғыған құмсағат адамдардың тынымсыз әрекеті арқылы дүниеге күн сайын өзгеріс әкелетінін бәріміз білеміз. Өмір – уақыттың бір бөлшегі – фәниден бақиға дейінгі аралықтағы өткел. Ал, осы өткелден кім қалай өтеді. Ол әр адамның өмір сүру қабілетіне, елі үшін еткен еңбегіне байланысты.

Өлді ме адам?
Өлген жоқ.
Келіп кетті!
Топыраққа мәңгілік еніп кетті.
Өлді ме адам?
Жоқ , ол тек тоқырады.
Өткен жолы өрнек боп тоқылады.
Бірге бізбен!
Бірақ та бөліп тұрған,

Туған жердің киелі топырағы, – деп қармақшылық ақын, марқұм Қали Шыңғысов жырлағандай, туған халқының жарқын болашағы үшін еңбек етіп, өмір өткелінен абыроймен бақилыққа аттанған ел ардақтысы Әбдуәли Спанов осындай адам еді.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ,
журналист.
Қармақшы ауданы.

MÁMS

ҚОР ҚАРЖЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – бұл мемлекет, жұмыс беруші және еңбекке қабілетті азаматтар арасындағы ынтымақтастық нәтижесіне құрылған жүйе. Мұндай өзара қатынастың мақсаты – азаматтардың өз денсаулығына деген ортақ жауапкершілігін қалыптастыру, көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жоғарылату және қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржы көзі – аударымдар мен жарналар. Жарна – МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқық беретін жеке тұлғалардың (жалдамалы қызметкерлер, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар, жеке кәсіпкерлер) қорға төлейтін қаржысы. Аударымдар – жұмыс берушілердің өз қаражаты есебінен медициналық қызметтерді тұтынушы қызметкерлері үшін МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқық беретін төлемдері.

Облыстық әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалы берген мәліметі бойынша, қолданыстағы МӘМС жүйесі туралы заңға сәйкес жеке тұлғалар 2018 жылдың 1 қаңтарынан 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін, яғни МӘМС жүйесі қолданысқа енгізілгенге дейін жарна аударудан босатылды.

Ал, жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2018 жылдың 30 қыркүйегі аралығында жеке кәсіпкерлер мен жұмыс берушілер төлеген жарнаның жалпы сомасы республика бойынша 105 млрд теңгеден асты. Оның 96,4 млрд теңгесі (91,8%) жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 8,6 млрд теңге (8,2%) жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Қызылорда облысының жинағы МСҚ-ға түскен түсімдер мен жарналардың 2,8%-ін, 3 млрд көлемінде. Яғни, өңір бойынша 18 мыңнан астам төлемші (оның ішінде жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер және азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шартпен жұмыс атқарып жатқандар бар) бас-аяғы 200 мыңға тарта тұтынушы үшін қаржы аударып отыр.

Жинақталған қаржы Ұлттық банкте ашылған есеп-шотта сақталып, болашақта МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалатын болады. Еліміздің бас банкіне қор қаржысын сенімгерлік басқаруға беру туралы келісім-шарт бекітілген. Ұлттық Банк ҚР Үкіметі бекіткен инвестиция құралдарына бос қаржыны орналастыруға құқылы, бұл жағдайда барлық дивидендтер қорға қайтарылып, МӘМС пакеті аясында көрсетілген медициналық қызметтерді өтеуге жұмсалады.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады.
Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.
Байланыс тел.: **8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.**



(6-4)

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Абишева Лаззат Айхынбаевнаның атына 2017 жылдың 4 ақпанында берілген ЖШС "Астана" Оқу-клиникалық орталығы" Қызылорда облыстық филиалында "Мейірбике ісі" мамандығы бойынша "Жалпы мейірбикелік технологиялар" циклы бойынша 108 сағат көлемінде 2017 жылдың 23 қаңтары мен 4 ақпан аралығында біліктілігін арттырғаны туралы №135 куәлігінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-49, 70-00-52 *телефондары арқылы байланысуға болады.*
E-mail: smjarnama@mail.ru

Сырдағы ұлттық өнер салтанаты

Қызылордада рухани болмысымыздың алтын арқауы Қорқыт баба күйі жаңа биікке көтерілді. Тұңғыш рет республикалық деңгейде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Қорқыт. Қобыз» атты қыл қобызшылар мен қобызбен сүйемелдеп жыр айтушылар байқауы өтті. Ұлттық мұраның бәсін асқақтатқан өнер иелері Қорқыт күйлерін насихаттап, Қожа Ахмет Яссауидің даналыққа толы хикметтерінен, Тоныкөк, Күлтегін, Оғыз дәуіріндегі көне жырлардан үзінді орындады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Ұлттық өнерімізде бабалардың рухы, ұрпаққа деген аманаты, ұлт тарихы бар. Демек, қазақтың күйі – ұлтты ұйыстырып, бір ту астына біріктіретін күш. Ел рухын көтерудің кілті. Байқаудың ашылу рәсімінде түркі жұртына ортақ тұлға – Қорқыт қалдырған киелі аспап туралы театрландырылған көріністің философиялық түйіні осындай болды. Байқауда облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов Қорқыт күйлерін сақтау, келер ұрпаққа жеткізу мақсатында елеулі жұмыстар қолға алынғанын айтып өтті.

– Қазақ халқының өнер көшін қасиетті жәдігер дейтін болсақ, соның ішінде Сыр елінің өзіндік орны бар. Сыр бойында саф алтындай сақталған бұл өнер тарихымызды, бабалар тағылымын бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Қорқыт мұрасы ел егемендікке қол жеткізгеннен кейін ұлттың рухани қазынасы, ұлы мұрасы дәріптеле бастады. 1997 жылы Қызылорда қаласында алғаш рет Қорқыт тақырыбына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция өтсе, 1999 жыл ЮНЕСКО-ның шешімімен Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған жыл болып жарияланды. Сыр бойында Қорқыт атаның еңселі ескерткіші тұрғызылды. 2005 жылдан бастап өңірімізде түркі халықтарының «Қорқыт және ұлы дала сазы» фольклорлық-музыкалық этнографиялық фестивалі өткізіліп келе жатыр. Бұл шаралар Қорқыт ата мұрасын насихаттаудың алғышарты болып қалыптасты. Бүгінде аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен Қорқыт мұраларын ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізбесіне енгізу бағытында жұмыстар жүріп жатыр, – деді Руслан Рүстемов.

Сондай-ақ, «облыста қобызшысы жоқ ауыл болмауы керек» деген бастама көтерілгенін, ұлттық өнерді кеңінен насихаттау мақсатында алдағы уақытта байқауды халықаралық деңгейде өткізу жоспарланғанын ерекше атап өтті.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырған байқауда еліміздің әр қиырынан жиылған 17-55 жас аралығындағы 17 өнер иесі бақ сынады. Байқау қатысушыларын қобызшы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университеті жанындағы Қорқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Әлқуат Қазақбаев бастаған қазылар алқасы бағалады.

Айтпақшы, өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Әлқуат Дотаұлы Қорқыт бабаның жатқан жерінен мәлімет беретін картаның 1930 жылы жарық көрген түрлі-түсті нұсқасын Сыр еліне арнайы әкелгенін айтты. Орхон-Енисей бойындағы Күлтегін ескерткішін алғаш көрген Филип-Иоган Страленбергтің бұл картасының 1937 жылы шыққан нұсқасын өткен жылы ұлт жанашыры, танымал түрколог Мырзатай Жолдасбеков аймақ басшысына тапсырған болатын. Сондай-ақ, Қорқыт күйлерінің жаңа нұсқасы жуырда кітап болып басылатынынан хабардар етті. Ал қобызшы, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақ ұлттық өнер университетінің оқытушысы Раушан Оразбаева ұлттық өнерді ұлықтау мақсатында «Қобыз күні» бекітілсе деген ұсыныс білдірді.

«Сөз жеткізеді, сөз жеткізе алмағанды саз жеткізеді!» Қорқыттан осындай тәмсіл қалған деседі. Баба мирасы ұлықталған байқауда қобызшылар арасында бірінші орынды алматылық Аятолла Тұрғанов пен қызылордалық Айнуза Бегімсалова, қобызбен сүйемелдеп жыр айтуда қызылордалық Марат Сүгірбай иеленді. Ал бас жүлде – Қазақ Ұлттық өнер университетінің 3-курс студенті Шолпан Шарапатованың еншісінде. Ол байқауда Қорқыттың «Қорқыт», «Қоңыр» күйлерін, фортепианоның сүйемелдеуімен «Қобызға арналған пьесаны» асқан шеберлікпен шырқау шыңына жеткізді. Қобызымен «қара тасты сөйлетіп, тал бесікті тербеткен» Қорқыт елінде ұлы өнер мұрагерлерінің мол әрі дара болуы заңдылық секілді.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы бойынша сұрақ-жауап

1 «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы бағдарламаға қатысу үшін қойылатын талаптар қандай?

1) Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе оралман мәртебесі;

2) өтініш берген күнге соңғы 2 (екі) және одан да көп жыл тіркеуде болуы ескерілетін Астана және Алматы қалаларын қоспағанда, тұру мерзіміне қарамастан, қатысушы тұрғын үй алуға үміттенген елді мекенде тұрақты тіркеуде болуы;

3) өтініш берушінің және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелеттік жасқа толмаған балаларының), сондай-ақ отбасы құрамына кіретін және өтініште көрсетілген отбасының өзге де мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында (ортақ бірлескен меншігі, осы тармақшада көрсетілген тұрғын үй бірлігі ретінде өзге отбасы мүшелерімен ортақ бірлескен (үлестік) меншігін құрайтын үлестік меншіктегі үлесі):

әрбір отбасы мүшесіне пайдалы алаңы 15 (он бес) шаршы метрден кем болатын жатақханадағы бөлменің болуы;

осы тұрғын үйдің орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы орган (ЖАО-ның) тиісті анықтамасымен расталатын құлау (қирау) қаупі бар авариялық жағдайдағы балшықтан құйылған және қаңқалы-қамысты тұрғын үйлерді қоспағанда, жеке меншік үйінің немесе сатып алу мүмкіндігі бар жалға алынған тұрғын үйінің жоқтығы;

4) өтініш берушінің және онымен үнемі бірге тұратын отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының), сондай-ақ отбасы құрамына кіретін және өтініште көрсетілген отбасының басқа мүшелерінің Қазақстан Республикасының аумағында соңғы 5 (бес) жыл ішінде тұрғын үйді ауыстыру немесе өзіне меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді иеліктен шығару арқылы тұрғын үй жағдайларын әдейі нашарлатуы фактілерінің болмауы;

5) тұрғын үй алуға мұқтаж адамдардың есебіне және тұрғын үйге мұқтаж мәртебесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес растау (кезекте тұрған адам үшін);

6) төлем қабілеттілігін растау.

2 2008 жылы көпбалалы ана ретінде тұрғын үй кезегіне 205 болып тіркелдім. Қазіргі таңда кезектілігім 1835 болып кейінгі жылжыған. Оның себебін білгім келеді?

Азат, Сіздің сұрағыңыз түсінікті. Мұндай мәселе көптеген тұрғындар тарапынан көтеріліп жүр.

Өкінішке орай, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес бұрын 11 санат бойынша жүргізілген тізімділік халықтың әлеуметтік әлсіз топтары ретінде бір санатқа біріктірілді. Осыған орай, азаматтардың арыз берген уақыттарына байланысты мұқият тексеру жұмыстары жүргізіліп, Сізден бұрын тұрғын үй кезегіне тіркеу үшін берген басқа санаттағы азаматтардың реттілігі Сіздің алдыңызға шықты.

(Жалғасы бар)

Alǵys alǵan arymas

РАХМЕТТІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Әсілі, «адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде» дегеннің дәрпі бұл заманда да кері кетпей, ішінара бой көрсетіп жүр. Тағы қандай десеңізші, тағылымы төре тұр, әрбір әрекетінен әсер аласың, сипатына сүйсінесің, тұрпатына таңданасың. Сірә, самайына ақ кірген, сана сарайынан күн күлген сексендегі кісінің ісін үлкендік тұтуға да, үлгі тұтуға да болады. Ел іші болғасын, неше түрлі кісі бар, солардың арасынан адамнан артық адамшылығын ауыз толтырып айтқанның өзі бір рахат емес пе?! Бүгінде қиянат тірліктерге құлақты көп түріп кеттік пе, қоғамдағы қайырымды істерге етене көңіл бөле бермейміз. Әйтпесе, бағалы шаруа баршылық.

Өзімшілдік пен менмендіктің болмауы адамның кішіпейілдігін көрсетсе, ал, қарапайымдылық – менмендікке мүлдем қарама-қарсы қасиет, атаққұмарлықтан аулақ адамға тән құбылыс. Соны сезгендей Лев Толстой «Қарапайымдылық – өзіңнің адамдық қадір-қасиетіңді түсіну» депті. Міне, осы бағыт бойынша сөз бастасақ деп бекіндік және бір-екі мысалды алға тартсақ дейміз. Олардың астарынан бір ғана түйін таптық, рахмет деген рахымды сөзге риясыз берілу екен. Рахметтің құнын түсіріп алдық деп жүрсек, оны жүрегінде ұстаған көреген кісілерден көргенде құдіретке құлдық ұрдық. Иә, солай. Бір рахметке бола бейнет кешіп дейтін де табылады. Туасы, таным дұрыс болмай, ақыл аршылмайды.

Ақшалы заманда асар әдісі де айтыла бермейтін болды. Ағайынның, көршінің, дос-жаранның көмек қолын созу амалы ақшаға айырбастала бастады. Нарыққа бейімделудің нышаны шығар, ойымыз осындай жағдайға орнықты. Бәлкім, бейімделу дегеннің байыбы ма, сананы тұрмыс билеп, аздаған ауыртпалықты желеу етіп, біреуге алақан жаю ар-намысқа жатпайтын, әуес әдетке айналып барады. О заман да бұ заман қазақ аштыққа ұрынғанда да, біреудің босағасына бас сұғып, тілемсіреуді сүймейтін. Сондықтан сүйекке таңба болады деген парасаты басым тұрды. Тек құдайы қонақ деген дәстүрден аспады. Қанағатсыздыққа бой алдырған, қарынның қамын ойлаған, тойғанына тоба қылған, бір кәмпитті пайда көріп, барған жердің дастарханына бас салған бойкүйездік белең алып барады. Сырт көзге ұят-ақ көрініс, бірақ ерсі іске етіміз үйреніп кетті.

Әрине, әуейі әңгімені тарқата берсек тәуір тірлік әбес болар, пәтуәсіз пиғылды доғарсақ деймін. Одан да барды бағалаған байыпты байлам шығар, ел ішін ептеп аралап көрсек. Жаңақорған ауданына барған сапарымда Елеусіз Сейдеметов дейтін кісіге жолыққаным бар. Жолыққанымнан гөрі сыртынан сездім деген дұрыс болар, ол құдайға қараған кісі екен. Қазір сексенге шыққан елдің ақсақалы. Ұзақ жыл жүргізуші болған, қарапайым қария. Сол кісінің қашан көрсең қолынан күрегі түспейді. Енді не істейді дейсіз ғой, кентке кіреберіс ауыз теміржол көпірі болғасын көлік жиі кептеліске ұрынады. Мәселе ауыздың тарлығы емес, ой-шұқырдың кесірі. Көктемгі, күзгі жаңбырдың салдарынан су жылғалап осы сайдан өтеді. Ағын су құр өтпей асфальтты жонып, бүтінді бүлдіріп кетеді. Артынша Елеусіз ақсақал арбаға тас тиеп, сол шұқырды толтырып, әлекке түседі. Еңбегіне бір тиын ақы сұрамайды, өздігінен кіріседі. Сондағысы көлікті аяйды. Пәленбей ақшаға алған дүниесі жарамсыз қалмасын деп жанашырлықпен қарайды. Есесіне, еңбегін елеген қай такси жүргізушісі де оны тегін тасымалдайды.

Ал, Асан Рүстембеков – Сырдария ауданы Айдарлы ауылының ақсақалы. Жасы сексен екіде. Елге болсын дейтін ер мінезді кісі. Машықтанған мамандығы – құрылысшы. Қолы қалт етсе қайырымдылық жасауға бейім. Ауыл алқасында оның қосқан үлесі көп. Ұзақ жасауының да сыры жұрттың жылы пікірі, ризашылығы сияқты. Меніңше, адал еңбек деген ақы сұрамай, өзі біліп жасаған жұмысты айтады. Ал, біз көбінше мемлекеттен жоғары жалақы алып, жұмсақ кресло, жылы кабинетте отырып, лауазымды қызмет атқарған қызметкерді ғана қайраткер санап жүрміз. Ол тиісті міндетін орындады, жүктелген жұмысын жасады. Осы жердегі бір жаңылыс сананы әлі адастырып келеді. Бүгінгі тілмен айтсақ, әлеуметтік жауапкершілігі жоқ кісіні жарылқаудың қажеті қанша?..

Бірде жүз шақырым қашық Тереңөзекке денсаулығын тексеруге шыққан Асан ақсақал Майжарма каналынан өтеді. Каналдың көпірі тозығы жеткен екен, одан баланың өтуі қауіпті болатын. Шұрықтесік көпір оны мазалады. Амалсыздан ауруханадағы шаруасын ысырып қойып, көпірдің о жағы мен бұ жағын өлшеп алды да автобуспен ауылға тартты. Үйге келіп, ағашын дайындап, келесі күні арқаланып автобуспен қалаға жетті. Әрі қарай Тереңөзекке тағы шықты. Жеткен бойда көпірді жөндеуге кірісті. Сөйтіп, алқамсалқамы шыққан көпір демнің арасында дап-дайын дүниеге айналды. Өздігінен келіп жөндеп жатқан жанға ел аң-таң. Мұны жөндеген адамды сырт кісі ақымақ деуі де мүмкін, өйткені қазіргі көпшілік «тегін істеу» ұғымын ұмытып кеткен. Бірақ құдайдың көзі бар, қамқорлықты періште көңілдер шын пейілден қабыл алған болар.

Әуежайға барар жолдың ортан белі бұрылып, Аманкелді ауылына бағыт алады. Сол қалаға қарасты жол жағы асфальтталды да ескі бұрылыс еленбей қалды. Зырғып келген көлік көне жолға түскенде байқаусызда бір секіріп өтетін болды. Тіпті бауыры төмен жеңіл көліктің біршамасы астыңғы бөлшегін жарамсыз күйге түсірді. Әрі-бері өткен Асан ақсақал осыны аңғарып, жолды тегістеу керек деп шешті. Үйден құрал-сайманын алып, көмегі тиер деп ұлы Ғаниды да ерте келді. Таңалакеуімнен тың тірлікке белсене кіріскен екеу кеш түсе әупірімдеп бітірді. Шаршағаны рас, алайда көптің тілеуін орындағанына шүкір етті. Бүгінде жолаушы да, жүргізуші де Асан атаға рахмет деп жүретінін естіп те, көріп те жүрміз. Мен іштей ой түйдім, «осы рахметтің құны қанша тұрады?» деп. Сөйтсем, «мың пәледен құтқарады» дейді хадисте. Демек, елі елеген Елеусіз де, алғыс алған Асан да сол рахметпен көгеріп келеді. Айтпақшы, олар – он баладан ұрпақ тәрбиелеген үлкен отбасының тіректері. Міне, ел ішінде бар жақсы адамдар туралы түсінігімді осы жағдайлар сендірді.

Қаныбек ӘБДУОВ, журналист.

Кезекші редактор **Назерке САНИЯЗОВА.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28934
Тапсырыс №1675

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz